

келді». Үйіріне алғаш кездесу сәтіндегі құбылыстарды жазушы көрсетпей тастап кеткен, тек қысқа штрихпен ғана берген. «Виннипег қасқырындағы» Колдун үйірді қажет етпейді. Кішкентайынан қала иттерінен жәбір көргендіктен әрі иттердің өздері де қасқыр болғандықтан оны тобына қоспай, керісінше өш болады. Сондықтан Колдун үйден кеткенде не иттер, не қасқырларға да қосылмайды. Ол үйірді қажет етпейді. Оның жалғыз досы бала болатын. Құрмаш қамқорлығы Көксерек жүрегін жібіте алмады. Ал «Виннипег қасқырындағы» Колдун бала махаббатына махаббатпен жауап береді. Алайда бала кенеттен ауырып қайтыс болады. Ол қайтыс болған соң Колдун түзге қашып кетеді. Түзде жүргенмен, қалаға жақын жерде, тіпті қаланың ішінде де еркін жүре береді. «Көксеректе» автор адам мен табиғат тартысы, табиғаттың адамға бағынбайтынын қасқыр арқылы көрсеткен. Ал «Виннипег қасқырында» қасқыр болмысын жақсы сипаттағанымен де бұнда назар қасқырдың балаға деген сүйіспеншілігіне аударылады. Колдунның қаладан алыстамау себебі де осы болатын. Көксерек пен Колдунның ұқсастығы олардың таза қасқыр болуларымен екеуінің де адамдардың қолына түсуінде. Екеуі де өздері жәбір көргендерден өшін алады. Көксерек көршінің қара иті мен ауылдың басқа иттерінен, сондай-ақ адамдардың олардың малдарын жеумен өшін алса, Колдун өзіне зұлымдық жасаған Польшды өлтіреді. Бұл оқиғадан соң қала адамдары Колдунды қырықтан астам итпен қоршап алады. Дегенмен ешбір ит оған бата алмағандықтан, оны атып өлтіреді. «Көксерек» пен «Виннипег қасқыры» екеуі де трагедиямен аяқталады, адамдар қолынан қаза табады.

Сонымен қорыта келгенде, жоғарыда талданған бірнеше автордың алып отырған тақырыптары да ұқсас шығармаларының негізі де бір, айтпақтары да бір – ортақ арнаға құйылады. Ол – ежелгі ата-баба қастерлеген құндылықтардың бағасын, парқын білу. Бүгінгі рухани дағдарыс тұсында өскелең ұрпаққа өнегелі тұстарын үлгі ету. Табиғат-Адам бірлігін, тұтастығын сақтаған алғашқы адам сезімінің артықшылықтарын алға тарту. Әрине бұл мақсаттардың әртүрлі қаламгер шығармаларында әр заманда, әр қилы дәрежеде көрініс тауып жатуы – заңдылық. Сол арқылы қазіргі қазақ прозасының жаңарған көркемдік бітімі де бірте-бірте қалыптаспақ.

Ендігі біздің алдымызда Оралхан Бөкейдің «Құм мінезі» мен Кобе Абэнің «Құм құрсауындағы әйелі», қос замандас Бернард Вербер мен Мұхтар Мағауиннің «Құмырсқалары» сияқты шығармалардың үндестігін табу арқылы салыстырмалы тұрғыда ұлттық әдебиет ерекшеліктерін, деңгейін анықтау міндеті тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мағауин М. Тамыздың соңғы әңгімелер // Жұлдыз. - 2001. - С. N3.-3-55 бет
2. Ш. Елеуенов. Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде (1991-2001 жылдар): Әдебиет - ардың ісі // Ақиқат. - 2003. - N10. - Б. 37-46
3. Какенқызы Л. Ш.Уәлиханов зерттеулеріндегі халықтық наным [Текст] : «Тәңірі»(құдай), «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» еңбектері бойынша / Какенқызы Л // Ұлағат. - 2005. - №2. - С. 36-42

## **ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ АБАЙ МҰРАСЫ** (Жазушы Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» еңбегі бойынша)

*Сариева А.Ж., магистрант,  
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Рақымжан Тұрысбек  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ*

Ұлттық әдебиеттануда Абайтану мәселелері кең көлемде қарастырылып келеді. Осы реттен келгенде, Абайдың өмірі мен шығармашылығы қазіргі кезеңде де әдеби үдерісте, әдебиеттану бағытында іргелі ізденістерге, тың зерттеулерге негіз етілуде. Бұл тұста, сөз жоқ жазушы Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы маңызды орын алады. Қоғамда, баспасөзде оң бағаланды.

«Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы ішкі сарайы кең, образдары мен характерлері психологиялық тереңдігін, диалектикалық даму заңдылықтарын сақтаған санлақ та тұлғалы туынды болғандықтан, мұнда басқа компоненттермен қатар кең құлашты романның аясында шиеленістер мен монологтар, тебіреністер мен толғаныстар, махаббат күйлері жарасымды бірлік тапқан. Осы

орайда, Р. Нұрғали: «Рамазан Тоқтаровтың бұл туындысы қазіргі қазақ әдебиетіне қосылған сүбелі үлес. Көркемдік дәрежесі жоғары, мазмұны бай, ұлы Абай бейнесін өз заманының мәнді оқиғаларымен, көкейкесті проблемаларымен табиғи байланыстыра отырып, шынайы суреткер шеберлігімен сомдаған бағалы туынды. Әсіресе, Рамазанның тіл байлығы, суреттеу шеберлігі, кейіпкер бейнесін сомдау машығы оқырманды ерекше тәнті етеді « – деп, өз бағасын беріп өтті.

Бұл көркем туындының бірінші бөлімінде Абай дүниеге келген сәтке айрықша тоқталып, Ұлжанның толғауы, Абай сияқты ұлыны дүниеге әкелуімен оқиға өрби түседі. «Қасқабұлақта отырған ауыл осының алдындағы түнді де ұйқы-күлкісіз, абыр-сабыр мазасыздықпен өткерген. Ұлжан күндіз бір мезгіл тынышталып, кірпігі айқаспай, аузына нәр салмаған күйі қан-сөлсіз бозарып жатса да шаруа жайын, ауыл-үйдің амандығын сұрастырып, түн баласында үй ішінен керілген жібек арқанға асылып «гөй-гөйге» басып шығады» [1, 49]. Осы бір жайтқа бәрінен бұрын уайыммен таңын атырған Зере әженің әрекеті еріксіз назар аудартады: «Бір шетте, қалың ғып салған бөстек үстінде отырған қарқара жаулықты ана, Зере бәйбіше ғана үнсіз, бір орнынан қаққан қазықтай қозғалмайды. Тек анда-санда қолындағы таспигын сытыр еткізіп қойып:

– Жасаған ием! Жасаған ием... – деп еріндерін әлсіз күбірлетеді.

– О, жаппар ием!... Құдыреті күшті алла тағалам... осы қазір көз жұмып кетсем де арманым жоқ! – деп сызды жерге екі қолын жайып, шөкелеп отыра кетті қарт ана.

– Аспанында күндіз күн, түнде ай тұтылғанын көрдім. Таң қараңғысында тағдырыма налымаймын, кеңшілік, жақсылығы мол раббым-құдая!... О, құдыреті күшті алла тағалам...» [1, 49] – деп, таң қараңғысы алдында жарық дүние есігін ашқалы жатқан сәбиіне мейір-шафқатын төгуін тілейді. Әрі қарай оқиға өрби түсіп, Абайдай дананың дүниеге келген сәті нанымды суреттеледі: «Қарт ана сол – қолын жайып, шөкелеп отырған күйінде етпетінен түсіп құлаған екен, көзін ашқанда өзін жерден көтеріп, екі жағынан қолтықтап, сүйемелдеп апара жатқан қатындарды көрді.

– Апа, әже! Сүйінші...

– Келініңіз тынышталды... Сізді іздеп таппай қалдық қой...

– Ат ұстар! Ат ұстар... Әже сүйіншімді өзіме, маған бересіз... – деп жан-жағынан тартқылап жүлмалай бастапты.

Әлгінде өзі құдайына жалбарынып отырып қараңғы түн шымылдығына ұзақ қарағандыкі ме, үйге кіргенде екі көзі түк көрмей, соқыр кісіше жып-жылы түйіншекті ұстата қойғанда жартылай ашық керегеден таңғы самалмен бірге құйыла кеткен күннің өткір сәулесінен екі көзі қайтадан шырайдай жанып, баланың әлден көрер көзге толымды, бұлтиған қып-қызыл торсық шекесіне ернін тигізіп тұрып:

– Тіпә-тіпә... тілім тасқа! Алтын тақта отырар айбарым келіпті ғой... – деді де сол тұрған жерінде жеңсізінің омырауын ашып жіберіп, жыбыр қағып қозғалған нәрестені кеудесіне баса қойып: – Өзімнің балам... Өзім асырап ер жеткізем... – деп күбірлеп сөйлеп, тағы көп ұғымсыз бірденелерді айтып сандырақтап кетті» [1, 49-50] – деп, жазушы Абайдың өр мінезін құндақта жатқан кезінде көріне бастағанын, жанары оттай, өткір, шымыр, шыншыл, досжанды, жайдары болып өскенін кейіпкер мінез-құлқын бергенде, өз бойына шақ бояу, өрнектері ашық, әрі үйлесімді етіп берген.

Бір шеті Аягөзден, енді бір шеті Қарқаралыдан, Семейден ағылып-төгіліп, құттықтау айтып келіп, шілдехана үш күн, үш түнге созылады. Үшінші күні дегенде Семейден қос атпен алдыртқан молла-ишан еріндерін жыбырлатып ішінен дұға қайырып алып, тізесінің үстіне қойып кітап ашуға кірісті: «Сол мезетте Құнанбай оған тақаңқырай, жылжи барып отырып, дәл құлағының түбінен:

– Ібраһим болсын аты! – деді.

– Бұ қалай, мырза? Кітапқа сөйлетпейміз бе?

– Кітап та соны айтар. Менің ұйғарымым осылай! – деді Құнанбай барынша зілді үнмен.

Молла-ишан алдына келген нәрестенің құлағына азан шақырып:

– Сенің атың бүгіннен бастап – Ібраһим! Ібраһим! Ібраһим! – деп үш рет айқай салып үшкіріп, сол жүрелеп отыра кеткен күйінде әкесінің қолына ұстатты.

– Бұл – көштің бетін түзеген пайғамбар есімі. Әнет баба түрінде Қыдыр-ғалейссалам аян берді... – деді Құнанбай соңынан өзі жеке дұға қайырып» [1, 54], – деген жолдардан Абайдың азан шақырып қойған есімінің өзінде үлкен астар жатқанын байқауға болады.

Осы бөлім Құнанбайдың қамауда отырып келуін, Қарқаралы сайлауында жеңіп аға сұлтан болып бекігенін қамтиды. Омбыдан қайтар жолда Қазанғап аулына тоқтаған Құнанбайды соқыр

казға теңегені жанына батады. Құнанбайдың қырыс қабағының ашыла қоймағанын сезген Қазанғап оның Бөжеймен жөнсіз алысқанын, ұрпақ үйлесімін бұзғанын басып айтады.

Құнанбайдың ішкі әлемін беру арқылы жазушы қазақ халқының мінез-ірімдерін, психологиясын ашуда көркемдік ізденістерге жол бермеген. Қазақ халқының сол заман талабына сай психологиясының өсуі мен өзгеруі, дамуы қайшылықтарға толы болғандығын көреміз. Адамның бір сәттік күйін беру мен психологиялық талдаудың мүмкіндігі бір емес. Адамның белгілі бір жағдайдағы сезімін ұтымды детальдармен жеткізу арқылы психологизмнің алғашқы шарттары орындалады. Ал, одан әрі оқиға тереңдеп, әрекеттер күрделеніп, қайшылықты жағдайлардың тууы жан-жақты психологиялық талдауға негіз болады. Осы жағдайда кейіпкердің ойы, ішкі дүниесі монолог арқылы ашылады. Құнанбайдың басындағы жағдай оның ғұмыр жолын шолудан, өткен-кеткенді салмақтаудан туған күй. Ол айналасындағы әрекеттер мен өзінің басынан өткерген дүниелердің ащы-тұщысын саралап, мүлт кеткен тұстарын ой елегінен өткізеді.

Қазанғап пен Құнанбайдың шарпысуы роман-хамсаның екінші бөлімінің шарықтау шегі. Бұл оқиғаның шешілуі, белгілі бір оқиғадан басталып, әрі қарай дамып, шиеленісіп, содан барып аяқталып тұр. Осы оқиғаларды таңдап алуы – жазушының қоғамдық көзқарасымен байланысты. Бұл жерде Р.Тоқтаров әрбір оқиғаны өзінің авторлық ой-ниетіне қарай таңдағанын байқау қиын емес.

«Қызғаныш» атты үшінші бөлімде Абайды жақынырақ танып білеміз. Алдыңғы бөлімдерде Кенесары, Шоқан, Қазанғапты танып білсек, бұл бөлімде Халиолла, Михаэлис, Шәкәрімдермен жүздесеміз. Абай өз заманының жалғыз емес, басқа да зиялы қауым өкілдері бар екенін дәлелдейді. Бөлім негізінен қазақ қоғамының сол кезеңіндегі озбырлығын әшкерелеген, жастайынан білім құған Құдайберді, Халиолла, Абай өмірінің эпизодтарын суреттей отырып, заман озбырлығын, болыстардың сыбайластығын, Абайдың бай-болысқа өшпенділігін, қара халықтың ауыр тұрмыс-тіршілігін көрсету идеясы бүкіл өзегі болып табылады.

Жазушы Абай мен Михаэлис арасындағы қарым-қатынасқа ерекше мән берген. Романда кездесетін Абайдың ұстаздарының бірі осы Михаэлис туралы ғалым Ж.Ысмағұлов: «Дүниеге көзімді ашқан Михаэлис», деп Абайдың өзі мойындаған бұл кісінің ақынға деген шынайы достық ықыласы мен білімдарлық іждаһаты романда мейлінше сыпайы, ізеттілікпен өте тартымды суреттеледі» [3, 5], – деп пікір білдірді. ««Абайдың жұмбағы» роман-хамсасының оқиғалық арнасы мезгіл жағынан да, кеңістік жағынан да осынша кең болғанымен, жазушы деректің ықпалында кетпейді, өмірдің мол оқиғасын барынша сығымдап суреттейді. Романдағы Кенесары, Наурызбай, Саққұлақ шешен, Мұса мырза, Шыңғыс хан, Мәшһүр Жүсіп, Әлихан Бөкейханов, Шоқан Уалиханов сияқты ірі тұлғалардың жазушы шығармасында текті, өр, қайсар, ізгілікті, мейірімді мінездің иелері ретінде суреттелетіндігі – жазушының стилін даралайтын ерекшелік» [2, 87].

Осы жайттарды еске алғанда, Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы арғы-бергі кезеңнің шынайы шындықтарын алға тартады. Әсіресе, Абай әлемі, шығармашылық мұрасы, көркемдік жинақтаулар, жаңа ізденіс, тың шешімдермен назар аудартады. Абай өмір сүрген уақыт, қоғамдық орта, көркемдік құбылыстар да көңілді баурайды. Жазушы еңбегінің жарқырай көрінетін тұсы да осы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тоқтаров Р. Абайдың жұмбағы: роман. – Алматы: Әл-Фараби, 1999. – 751 б.
2. Көкенова А. Рамазан Тоқтаров романдарының поэтикасы: диссертация. – Астана, 2009. – 125 б.
3. Оразалин К. Абайдан соң. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 584 б.

## КЕМЕҢГЕР КЕЛБЕТІ

*Смағұлов Ж.Қ., ф.ғ.д., профессор,  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Аспан асты елінің Бейжің қаласының Орталық Ұлттар университетінде (Минзу) «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» пәнінен дәріс оқып тұрған кезімде ұялы телефонымнан қаралы хабар жетті. Асқар тауым құлапты, қамқоршымнан айрылыппын. Теңселіп кеттім. Көзіме - жас, кеудеме - өксік тығылды. Қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының Абызы, Ар-ұяты бола білген ардақты

ұстазым, рухани әкем, қамқоршым Тұрсынбек Кәкішұлы дүниеден өтіпті. Жол жүрер алдында ғана сөйлесіп, қал-жағдайын сұрағанымда: «бұл кәрілік дегенді қой, балам, ылғи жата бер дейді» деп қалжыңдап еді. Сын тарихынан дәріс оқитынымды білген соң: «Дұрыс болған екен, бұл мен үшін үлкен мерей. Қытайлар өз сынының тарихын қай кезеңнен бастап дәуірлейді екен. Соны біле кел» деп тапсырған еді. Көз жұмғанша өз ұлтының әдеби сынының тарихы мен тағдырына алаңдап, қолынан қаламы түспеген, қайран Ұстаз!

Өз әкесі туралы айта келіп «хат танымайтын жаман шал 80-ге келіп өлді. Ал академик, профессор басыммен мен неге 90-ға келмеймін» деп әзілдейтін еді. Әттең-ай, ажал шіркін сәл ғана жеткізбепті. Іле-шала туған інісі Жақия ағаймен хабарласқанымда «Әкең ауырып-сырқамай жайбарақат аттанды да кетті» деп көңіл айтты. Жалған дүние-ай, тоқсан жастық мерейтойында ағыл-тегіл бір сөйлеймін-ау деп іштей дайындалып жүр едім... Енді, міне, отыз миллион адам тұратын хансудың қаласында көзім жасаурап азасөз жазуға душар болдым. Бір уыс топырақ салып, қоштаса алмайтынымның өкініші өзегімді өртеді. Аспирантураға түскеннен бастап, қайтпас сапарға аттанғанға дейін ұстазымның кең шекпені мен аялы алақанының ұядай ыстық жылуын үнемі сезініп жүрген жанның бірі едім....

Мектепте оқып жүргенде мерзімді баспасөз бетіндегі сын-зерттеу мақалалары мен «Қызыл сұңқар» атты Сәкен туралы кітабын оқығаным болмаса, Т. Кәкішұлы деген мықты ғалым бар екенінен хабардар болғаным болмаса, мардымды ештеңе білдім деп ойламаймын. 1974 жылы ҚарМУ-дің «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына оқуға түстім. Төртінші курста «қазақ әдебиеті сыны тарихы» атты мамандандыру пәні жүре бастады. Дәріс беруші доцент Б.Кәрібаева негізгі сүйенетін еңбек Т.Кәкішұлының 1971жылы жарық көрген «Сын сапары» атты монографиясы екенін қадап тұрып айтты. Оқитын дәрістерінің мазмұны да осы еңбектің мазмұндық жүйесінен алшақ жатқан жоқ. Өзі сыншы болып таныла бастаған апайымыз кей кезде еркін сілтеп, мысалдарды қоюлата түсіп, мықты сыншымын деп жүргендерді мұқатып қалып та жүрді. Кез келген жаңа кітапты, ол туралы мақала, пікір, рецензияларды қадағалап оқып жүруге дағдыланып қалған кезіміз. Практикалық сабақта ел аузына ілініп белгілі болып қалған әңгіме, повесть немесе бір ақын лирикасы туралы пікірталас туғызуды ұнататын. Ол бір жағынан оқулықтар мен ғылыми еңбектердегі маркстік-лениндік методологияға сүйенген қасаң қағидалы пікірлерді семинар сабағында қайталап айтып беруден құтқаратын.

Міне, осы пәннің арқасында мен ардақты ұстазым, ғылыми жетекшім, кейін рухани әкеме айналған Тұрсекеңнің ғылыми шығармашылығымен алғаш осылайша тереңдей таныстым. Әсіресе, «Қазақ әдебиеті сынының туу және қалыптасу жолдары» атты докторлық диссертациясы арқылы ұлттық сынның Қазан төңкерісінен көп бұрын туғандығын дәлелдеп және дәуірлеп бергенін, енді ол «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» деген атаумен жоғары оқу орындарында дербес пән ретінде жүре бастайтынын білгенен соң құмарлығым арта түсті. «Октябрь өркені» (1967), «Дәуір суреттері» (1967) атты еңбектерімен танысып, әдеби сын дегеніміз жатқан бір өзгеше әлем, соны сала екенін түйсіне бастадым.

Содан бастап өлең, әңгіме жазып жүрген әуестігімді тастап, сын мен ғылымға ден қоюды дұрыс деп санадым. Абайдың «Дүниеде өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген ұлағатты сөзін ұқтырған ұстаздарыма айтар алғысым ұшан-теңіз. Олар өздерінің дариядай ұстаздық білімімен, ғалымдық тұлға сипатындағы болмыс-бітімімен, тәлім-тәрбиесімен менің ғұмыр жолымның осы бағытта өрбуіне қатты әсер етті. Студенттердің ғылыми конференциясында баяндама жасау мен ғылыми үйірме, әдеби кештерде пікір айту белсене кірістім. Сөз болатын тақырыпқа сай теориялық тұрғыда нақты және ғылыми тұрғыда дәлелді сөйлеу үшін том-том кітап ақтаруға машықтана бастадым. Ол кезде қазіргідей ғылыми жоба қорғау мен зерттеу жұмыстарына бағыттайтын толып жатқан конкурстар мен байқаулар мүлде жоқ. Ұмытпасам, аса қадірлейтін ұстазым Задан ағайдың ақыл-кеңесімен бір-екі жаңа кітапқа рецензия да жазып көрдім.

1979 жылы университетті бітірерде кафедра меңгерушісі қызметін атқаратын З.Жұмағалиев ұстазым:

- «Ебеке, кафедра мүшелері орта жастан асып кеткен. Біздің де ізбасар тәрбиелейтін уақытымыз келді. Мен осы бір баланы кафедраға алып қалғым келеді» деп ректорға өзі ертіп барды. Академик Е.А.Бөкетов ағамыз әскери міндетімді өтемегенімді сұрап білгеннен кейінгі:

- «Қарағым, Задан ағаң маған кім көрінгенді ертіп келмейді. Саған сенім артып отыр екен. Мен

ойланбастан жұмысқа қалдырар едім, бірақ сені екі айдан соң-ақ қарашада әскерге алып кетеді ғой. Сонда мен сенің орныңды мына академиктің екі қолымен болса да жауып ұстап отыра алмаймын. Басқа адам алуға тура келеді. Ең әуелі әскеріңнен құтыл, сонан соң ғылымға кіріс», - деп екі алақанын үстелдің үстіне қойғандағы кескін-келбеті әлі көз алдымда.

Ұстазым «Үмітіңді үзбе, ол үшін хабарыңды үзбе» деп қысқа қайырды. Ол кезде мұғалімдік мамандықты бітіргендерге міндетті түрде үш жыл ауылдық жерде жұмыс істеу керек деген талап болды. Әрі маман жетіспейтіндіктен болар, мұғалім жас маманды армияға шақырмайтын. Ауылға тарттым, мұғалім болдым. Әскерге бармау үшін аудан орталығынан алыс совхоздың түпкірдегі бөлімшесінде сегізжылдық мектептің директоры болып жүргенімде 1983 жылы сәуір айында Задан ағай қайта шақыртты. Балалы-шағалы болып үлгерген маған енді жол ашық еді. Кафедраға аға оқытушылық қызметке конкурстық негізде өтіп, жұмысқа қабылдандым.

Ол кезде ғылыммен шұғылдануың үшін, жоғары оқу орнында жұмыс жасауың міндетті болып саналады. Задан ағай «Алматыға өзім ертіп апарып, кандидаттық диссертация тақырыбын бекітеміз. З.Қабдоловтың еңбектерімен тереңірек таныса бер» деп жүрді. Алайда менің ғылым жолына басқан қадамымда алдағы тағдырымды мүлде басқа арнаға бұрған бір оқиға болды. Ол - менің ғылымдағы ақылшы да қамқор ағам, ғылыми жетекшім филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Т.К.Кәкішұлымен жүзбе жүз танысуым болды.

1984 жылдың күзінде С.Сейфуллиннің 90 жылдығына байланысты ғылыми конференцияға қатысуға және лекция оқу үшін профессор Т.Кәкішұлы бізге КарМУ-ге келетін болды. Өзінің барлық қажыр-қайратымен ғылыми соны жаңалық ашқан Түрсекең «Қазақ әдебиеті сыны тарихына» ЖОО-дарында жеке пән болып жүргізілу дәрежесін алып берген болатын. Бұл пәнді кафедра «сен оқыт» ден маған сеніп тапсырған соң, ғалымның «Сын сапары» (1971), «Оңаша отау» (1982) монографияларына сүйеніп, өз әлімше жүргізіп келе жатқанмын. Ағай осы пәннен дәріс оқыды. Конференция өткен соң алғашқы лекцияларына қатысып, кең дариядай біліміне, қағазға қарамай оқитын әдістемелік шеберлігіне тәнті болдым. Бір күні Түрсекең сабақтарының арасында бір пар үзіліс болып қалды. Менің де қолым бос еді. Бұл шақта кафедра меңгерушіміз Күлмағанбет Есбаев ағамыз болатын. Сол кісі:

- Босқа отырмай, Түрсекеңді бір жерден тамақтандырып кел, - деді. Ағаймен оқу ғимаратынан шыға бере:

- «Қазақ әдебиеті сыны тарихын» сен жүргізіп жүр дейді ғой!? – деп сұрап қалды.

- Иә, сіздің зерттеулеріңіз бен жасаған бағдарламаңыз бойынша ие болып, өз әлімше дәріс оқып жүрмін, - деп жауап бердім.

Әлі есімде, содан сын тарихының дәуірге бөлінуіне байланысты «осыны қалай деп оқытып жүрсің» деп сұрады. Бала кезден сүйекке сіңген «көженің қоюын қою, сұйығын сұйық» деп тік айтатын мінезден бе, әлде жастық па, әйтеуір, сын тарихын зерделеген білгір ғалымның зерттеулеріндегі өзім келісе қоймайтын тұстары туралы пікірімді ашық айттым. Қазір нақты есімде жоқ, сын тарихын дәуірге бөлуден басталған пікір қайшылығы басқа да мәселелеріне ауысты. Содан кафеге жеткенге дейін, тамақ ішіп отырып та, қайтар жолда да дауластық та отырдық. Түрсекең ғылыми тұрғыда дәйектейді, мен жастыққа тән қызулықпен ұлттық мүдде тұрғысына тарта беремін. Кафедраға келген соң ағай өз дәрісіне, мен өз сабағыма кеттік.

Сол кезде бір оқу тобының кураторы болатынмын. Ертеңіне соңғы сабақтан соң кураторлық сағат өткізіп жатқанмын, деканаттың хатшысы «Сізді кафедраға шақырып жатыр. Тез келсін деп жатыр» деп келді. «Ойпырым-ай, тағы бір жерге жұмсайды-ау» деп іштей қауіптеніп кафедраға келсем, деканамыз Б.Байтанаев:

- Профессорды күттіріп қоятын сен кімсің, ей? - деп әзілдей қарсы алды. Жүрегім орнына түсіп, «кураторлық сағатым бар еді» деп ақталдым. Соңғы сабақтан соң болғандықтан кафедра мүшелері бәрі отыр. Үңіліп қағаз жазып отырған Түрсекең басын көтеріп:

- Ал, ағайындар, менің сендерден сұрайтын бір өтінішім бар. Қарсы бола қоймассындар деп, төрт көздерің түгел отырғанда айтқым келіп отыр, - деді.

- Ой, Түрсеке-ай, сіздің сұрауыңызды орындау бізге бақыт қой, - деп Задан ағай әзіл қыстырды.

- Олай болса, сендер мына Жандосты маған қиындар. Қарағандыдан тапқан олжам деп, қанжығама қыстырып барайын. Көкейімді мазалап жүрген бір қиын тақырыпқа салатын ер бала іздеп жүр едім. Соны меңгеріп кететін адамды сендерден тапқан сияқтымын. Кеше тамақ ішуге

барып-қайтқандағы айтқан пікірлерінің көбі көкейіме қонды. Түнде біраз ойланып осы шешімге келдім. Алматыдағы менің кітаптарым туралы «керемет, ғаламат» деген мақтауларға қарағанда, мына балаларыңның менің саясатқа бұрып мүлт кеткен жерлерім туралы айтқан сын пікірі қатты ойлантып тастады. Міне, кандидаттық диссертациясын «Қазақ әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу жолдары» деген тақырыпта бекіттіруге, ғылыми жетекші болуға деген келісімімді жазып та қойдым, - деп қолындағы қағазын маған ұсынды.

Басыма аяқ асты қона қалған шексіз бақыттан айран-асыр болып мен отырмын. Таңертең лекциясына келгенде амандасқанымда да бір ауыз сөз айтқан емес. Осылайша ағай менің тағдырымды өзі пішті, өзі кесті, өзі шешті. «Т.Кәкішұлының жетекшілігімен ғылыми жұмыс жазамын-ау» деген ой төрт ұйықтасам түсіме кірмеген нәрсе. Бұл менің табиғатымнан турасын айтатын «қырсық» мінезімнен тапқан ғылым жолындағы бір табысым еді. Әйтпесе, еліміз түгіл бүкіл одақ көлемінде аты мәшһүр атақты ғалымның зерттеулеріне сын айтатындай мен кімнің шікірәсі едім?! Ағайдың еңбектері туралы басқалар сияқты жалпақшешейлік мақтаулар айтуға ақылым жетпей қалған жоқ емес. Бірақ ашығын айтуға үйренген сол қыңыр мінез маған Т.Кәкішұлының ғылыми мектебінің шәкірті болуға жол ашты. Өз дегенімнен қайтпайтын қырсық та қыңыр мінезімнің пайдасы-зиянын көріп те жүрмін.

1986 жылы күзінде ҚазМУ-ге аспирантураға түстім. Жоғарыдағы тақырып бойынша Түрсекең жетекші болып бекіді. Содан бері ұстазымның шалқып жатқан кең дариядай ғылым-білімін, ақыл-парасатын жалықпастан сімірумен келдім. Әлі тойған жоқпын. Біреулерге жақпай қалады екен деп айтпай қалмайтын, айтса өз пікірінен қайтпайтын көзқарас тұрақтылығын үйрендім. Ең бастысы сол – Ұстазымның ғылымдағы қасқыр мінезін де бойыма сіңірдім. Өзімді былай қойғанда, кәкішевтану ілімін С.Жұмағұлов, С.Такиров, Қ.Қалыбекова, Б.Рақымбаева, Ж.Жұмагелдин деген секілді шәкірттеріме де «емізіп» келдім. Қазіргі ұлттық әдебиеттануда қарышты қадамдар жасап отырған ғылыми мектептің негізі профессор Т.Кәкішевтің «Сын сапары» (1972), «Оңаша отау» (1982) атты монографияларынан бастау алды. Ғалым оны «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994), (2003) оқулықтары, «Сандалтқан «Садақ» (2002), «Толғам» (2004), «Жанр жайлауы» (2007) және тағы басқа да зерттеулерімен толықтыра түсті. Жалпы алғанда проф.Т.Кәкішұлының кез келген зерттеу еңбегі ұлттық әдеби сын тарихының келелі мәселелеріне соқпайтыны жоқ десе де болады. Т.Кәкішұлы десе сын мен әдебиеттану, ал олар аталса Т.Кәкішұлынсыз сөйлеуге болмайтыны ғылыми ортада аксиомаға айналып кеткелі қашан.

Бұрын тек атақты ғалым ретінде ғана білсем, Т.Кәкішұлының ұлты үшін отқа да түсуге дайын батырлығын, патриоттық ұлтжандылығын, туралықтан таймайтын әділ мінезін аспирантураның алғашқы айында-ақ таныдым. Ол - «Желтоқсан көтерілісіне» байланысты еді. Ғайыптан тайып, сол 1986 жылдың 16 желтоқсан күні Мұқтар деген бір бөлмеде жататын семейлік тарихшы аспирант екеуміз ол кезде Пушкин атындағы, қазіргі Ұлттық кітапханадан түс ауа бірге шықтық. Алаңның дәл желкесінде «Жалын» аталатын шағын кітап дүкеніне кіріп шыққанымыз сол еді, алаңда жиналып тұрған 250-300-дей кісіні көріп, әуестікпен жандарына келдік. Қазақ жастарына қанды қырғын әкелген Желтоқсан пленумы жаңа ғана бітіп, Д. Қонаевтың орнына Г. Колбин деген біреудің аяқ асты он бес минутта сайлана салғанын естідік. Жиылған жұрт ішінен біреулер «Бұл не басынғандық, қарсы шығу керек. Ел болатын болсақ, ертең алаңға халықты жинау керек» десіп жатты. Біз де күйіп кеттік. Толық есімде жоқ, алайда жатақханаға келе жатып, «Сұмдық қой бұл! Ұлт намысы тапталды деген осы» деген секілді өз пікірлерімізді айтып, пленумға баға берістік. Кешке қарай біз бар, басқалары бар, ертең алаңға шығу керектігі туралы хабармен бүкіл жатақхана құлақтанды. Түнімен дұрыстап ұйықтаған жоқпыз десем, жалған айтқандық емес. Еуроцентристік көзқарас пен орыстық ұлы державалық шовинизмнің ұлтымызға тигізген зардаптарын өз білгенімізше сараладық. Ертеңіне 17 күні алаңға бардық, сол күнгі мінбеден сөйлеген шешендердің сөздері де есімізде, аты-жөндері де жадымызда.

Бұл кезде Т.Кәкішұлы филология факультетінің деканы қызметін атқарушы еді. Осы күні кешке басы ағай болып, біз, яғни коммунист оқытушылар мен аспиранттар университет парткомының шабармандары қолына түстік, студенттер жатақханасын күзету жұмысына еріксіз жегілдік. Милиция мен КГБ қызметкерлері, факультет оқытушылары мен аспиранттар, тағы басқалары бар жатақхананы сырттан да, іштен де қамадық. Қойылған мақсат – қайткен күнде де студенттерді алаңға шығармау. «Желтоқсан көтерілісі» кезіндегі оқиғалар қазірде азды-көпті жазылды және

әңгіме өзегі Тұрсекең туралы болғандықтан оған тәппіштей тоқталып жату артық. Қазақ халқының ой-санасы мен жадында, жастардың тағдырында өшпестей дақ болып қалған сол қаралы үш күн де өтті. Бір сөзбен айтқанда, «Желтоқсан» көтерілісі - біздің жазылмаған жан жарамыз! Ал Тұрсекең ғұмырының ең бір қиындықпен еске алатын белесі ретінде ғана емес, денсаулығының да сыр беруіне алып келді.

Енді «жас ұлтшылдарды» әшкерелеу мен ортаны олардан тазалаудың қиян-кескі жұмыстары басталды. Қызыл империя өзінің сыннан өткен ұлтшылдыққа қарсы күрес науқанын барлық қаһарын төге бастап жіберді. Көтеріліс өтісімен-ақ Тұрсекең факультеттегі әр кафедра ұжымын оңашалап қана деканатқа шақырып алып, «ертең «үш әріптің адамдары» алаңда болған жастардың суреттерін алып келіп, «танитындарың бар ма» деп сұрайды. Сонда сендер ешкімді де білемін деп айтушы болмаңдар. Мына өндірдей жастарға біз қорған болмасақ, кім пана болады» деп қатты тапсырды. Ертеңінде деканаттың он бес адам еркін отыратын үстелінің үсті фотосуреттерден көрінбей қалды. Әрине, олардың арасында факультет студенттерінің фотолары болмай қалған жоқ емес. Алайда Тұрсекеңнің ұлтжандылық бауырмалдығы арқасында ұжым бірауыздылық танытты. Сонда ағай басын бәйгеге тікті. Себебі «адам аласы ішінде» деген, біреулер «үш әріп» түгіл парткомға сыбырлай салса да декандық тұрсын, партбилет те кетті дей беріңіз. Ал одан айырылу дегеніңіз өз басыңды былай қойғанда, үрім-бұтағыңыздың болашағына балта шабумен тең еді.

Университет басшылығы, яғни ректораты мен парткомы қызметтік орынтағынан айырылмау үшін әшкерелеу жұмысын жанталаса жүргізді. Әр факультеттен студенттерді оқудан шығарудың пайыздық өлшемі де нақты белгіленді. Осы кезде Тұрсекеңнің қатты қиналғанын көзім көрді. ҚазМУ-дың сол кездегі ректоры Е. Ерғожин деген ағайды қайта-қайта шақырып:

- Кәкішев жолдас, сен не, партия саясатына қарсысың ба? Неге сенің факультетінде оқудан шығатын студенттердің саны аз. Неге сен тек комсомолдық есеп кітапшасына сөгіс жазумен шектелесің? Сал, ендеше партбилетті столға, - деп жанын қысқаны шындық еді. Оны студент кездегі ботқалас досына:

- Әй, Зейнолла, мыналарың адам емес екен ғой. 37 жылды қайта бастаудан тайынатын түрі жоқ па деп қалдым. Не амал бар, сөзің өтсе, бір қаракет жасайық та, жастардың обал-сауабы ертең сұралмас деймісің. Сонда ел бетіне қалай қараймыз? – деп түңілгенін өз құлағыммен естіген едім.

Әміршіл-әкімшілдік жүйе бәрібір қойған жоқ. Тұрсекең инфарт алып емханаға түсті, декандық қызметтен шығарылды. Бірақ, ұлтым дегенде көк бөрі мінезді ағайдың арқасында, шатаспасам факультеттен тек екі-үш студент қана оқудан шығарылып, қалғандары комсомолдық сөгіс алып, оқуда қалды. Кейінірек сол кез туралы сыр тарта сұрағанымда:

- Жандосжан-ай, сол күндері жаныма серік болатын жан таппай қиналғаным есімнен кетпейді, - деп жабырқағаны бар. Жаппы ағай ешкімді сыртынан күстаналамайтын. Сол шақта «анау анадай болды, мынау мынаны жасады» деместен бар тартқан азабын осы бір сөйлемге сиғызды да қойды.

Ауылда оқыған біз сияқтыларға ағылшын тілінен кандидаттық минимум тапсыру деген - қияметтің қайымы. Өзі айтқан, айына екі рет келіп жұмысың туралы ақылдасып тұр деген, сондай бір күні «ағылшының не болып жатыр?» деп сұрады. Сабағына қатысып жүргенімді, бірақ өте ауыр болып тұрғанын жауандай отырып айттым. «Оқытушың кім?» деді. Бір қартаңдау орыс әйелі еді. Аты-жөнін айттым. «Қап, бір қазаққа да тап болмаған екенсің, ол өзі бір шовинистеу әйел еді, нешауа, көрерміз» деді. Бір күні оқу ғимаратынан бірге шығып келе жатқанда, есік алдында әлгі ағылшын тілі мұғалімі кездесіп қалмасы бар ма?! Тұрсекең амандасты да:

- Уважаемая, коллега, надеюсь вы меня знаете? – деп салды.

- Конечно, Турсынбек Какишевич, я о вас знаю больше чем вы предполагаете, - деді оқытушым.

- Тогда - когда я умру, вместо Какишева будет вот он. Мой хороший аспирант, - деп мені көрсетті.

- Я поняла, что в чем вопрос. Небеспокойтесь, помогу.

- Ну, тогда спасибо, – деді де ағай бұрылып жүре берді. Мен де өзімше «досвидания» деп соңынан ердім. Сәл ұзаған соң ағай «Міне, декандықтың пайдасы осындайда тиеді» деді күлімсіреп.

Тұрсекеңнің осы бір ауыз сөзінен кейін оқытушым мені мәтін қуалап сұрап, көп талап етуін азайтты. Қайта емтиханда келеді-ау деген мәтіндерді беріп, соларға жаттығып, жаттап алуымды қадағалады. Осылайша емтихан кезінде «үштік» баға алуыма көмек жасады. Ол да болса ұстаз ұлағатының арқасында. Сол оқытушы әйел Тұрсекеңе салмақ сала өтініш жасап, оны ағай

амалсыздан орындауға мәжбүр болмады деп әсте ойламаймын.

1987 жылы Тұрсекең 60 жасқа толған мерейтойын жасады. Кафедра мүшелеріне қосыла сыйлық жасадық. Енді өз тарапымнан не тарту етсем екен деген ой бұрыннан мазалап жүрген. Ерекше сыр-сияпатқа қол қысқа, жағдай шамалы. Ауылға бір барғанымда бір жақын адамымнан ұзындығы төбеден еденге дейін түсетін арлан көкжал қасқырдың терісін қалап алып кеттім де ағайға соны сыйладым. Сол көкжал терісін ағай жазу үстеліндегі креслоға қаптай кигізіп қойғанын көрдім. Ол осы бертінге дейін көп тұрды.

Аспирантураның соңғы жылында жоғарыдағы тақырып бойынша жазып, машинкаға бастырылған 300 бетке таяу жұмысымды «аямай сызғылаңыз» деп апарып бердім. (Расында бас-аяғына дейін оқып, керек емес жерін сызып, қажет жеріне толықтыру жасаған сол нұсқа менің жеке архивде әлі күнге дейін сақтаулы тұр). «Бір жетіден соң хабарлас» деген соң телефон шалып едім, «ертең жексенбі ғой, үйге кел» деді. Келсем, Күбіра шешейдің қою шайын дайындатып күтіп отыр екен. Ұнатпаған жерінде «қағып» жіберетін мінезіне сыралғы болып қалғанмын, бағамдасам, ағай көңілді екен. Кабинетіне келген соң:

- Диссертацияңды оқып шықтым, көп ізденіп, аянбай-ақ тер төккен екенсің, қуанып отырмын, - деп бастады да, - архив материалдары мен сирек қолжазбалармен жұмыс жасауға бейімің бар екен, - деп жатып кеп мақтады. Өмірінің көп жылдары мұрағаттардағы шаң басқан деректерді ақтаруға кеткен ғалымға жұмыстың осы сипаты аса ұнаған болуы керек. Жалпы ағай біреуді мақтауға, онда да көзінше мақтауға сараң болатын. Мақтағанды кім жек көрсін, атақты ғалымның айтқан сөздері жүйкемді босатып, өз-өзімнен мейірлендім де қалдым.

- Бірақ менің саған бір ұсынысым бар. Жұмысың үш тарау ғой. Сен кандидаттық диссертацияны соның ұлттық әдеби мұраның зерттелуі туралы алғашқы тарауынан қорға. Әлі уақытың бар, сәл ғана толықтырып жіберсең болды, жетіп жатыр. Қалған екі тарауларын докторлық диссертацияға сақтап қоясың. Қалай келісесің бе? - деді.

«300 беттен ең құрығанда 150 беті іске жарар, содан қорғасам болады» деп келген басым ағайдың мен күтпеген «жаңалығына» тіл қата алмай мелшидім де қалдым. Не дерімді білмей, жұмысымның жоспары басылған қағазға қарап қатыппын да қалыппын. Жағдайымды сезді ғой деймін, тындап отырғын Күбірә апайым:

- Әй, Тұрсынбек, осы сен-ақ ылғи «кедейдің балаларын» жинап аласың да қиынға саласың да отырасың. Ана құрдастарың «байдың балаларына» кез келген тақырыпты қорғатып жатыр ғой. Жарап тұрса, осыдан да қорғата берсейші, - деп араша түсті.

- Болмайды, кейін бұл тақырып кандидаттық жұмыс ретінде бір рет қорғалған деп ертең дау шығарады. Сөзді қой, аспирантураны бітіруіңе әлі үш айдай уақытың бар, керек десең тағы бір айға создырып беремін, үлгересің. «Қазақтың әдеби мұраларын игеру проблемалары» (1920-30 жылдар) деген тақырыпта қорғайсың, - деп ағай кесімді сөзін айтты.

- Ағай, сәл ойланып келейінші, - деп шылымымды ерніме қыстырып сыртқа шықтым. Сүтпен кіріп, сүйегіме сіңген мінезіммен қырсығып қалсам ба екен деп те бір ойладым, алайда «генерал болсам демейтін солдат болмайды», Тұрсекеңнің ұсынысы көкейіме жағып барады. Қайта келген соң:

- Ағай, келістім. Мен сіздің шекпеніңіздің етегіңнен бір ұстағанмын, енді өлсем де айырылмаймын, - дедім.

- Міне, көрдің бе, мендегі «кедейдің балалары» аналардың «байдың балалары» сияқты қиыннан қорқатын жалтақ та жасық емес, - деп Тұрсекең Күбіра апайға шекесінен бір қарап алды да: - жүр, ендеше, диссертацияңның біткенін жуып тастайық, - деп ас үйге беттеді.

«Жазған құлда шаршау жоқ», амалсыздан факультет кеңесінде бұрынғы диссертация тақырыбын қайта өзгертіп бекіттіріп, 1990 жылдың қаңтарында кафедра мәжілісінің талқысынан өтіп, «ғылыми кеңесте қорғауға ұсынылсын» деген шешімін алдым. Құжаттарымды дайындап елге қайтуға қамданып жүргенмін. Бір күні Тұрсекең бір аспиранттан «ертең сағат 12-де кафедраға келсін» деп сәлем айтып жіберіпті. Барсам:

- Ә, келдің бе? Жүр, Зейноллаға барамыз, - деп кафедра меңгерушісі академик З.Қабдоловтың кабинетіне ертіп кірді. Сәлем беріп, ағайлардың алдында рұқсатсыз отыруға именіп тұр едім, Зекең майда дауысымен:

- Отыр, қарағым, - деп жылышұрай қарады да: - Мына Тұрсынбек екеуіміз ақылдасып сені

кафедраға жұмысқа алып қалсақ деп отырмыз. Анау күні диссертацияны алдын ала қорғауың соңғы кездегі кафедрадағы сапалы қорғаулардың бірі болды. Солайша саған сенім артып отырмыз, - деді.

Менің тағдырымды өзгертетін ұсыныстар күтпеген жерден айтылатынын біліп, оған бой үйретіп қалғаныммен, асқар таудай ағаларым маған тура осындайды айтады-ау деген ой менде болған да емес. Әйтпесе, ҚазМУ секілді оқу орнына тырнақ іліктіруге арын да, малын да аямай жүргендер жыртылып айырылатын еді. Күтпеген жерден болған соң ба, үн қатуға шамам жоқ, жалтақтап Тұрсекеңе қарай беремін.

- Қарғам, біз мұндай ұсынысты кім көрінгенге жасай бермейміз, ойлан. Тура қазір кафедрада бір орын босайын деп тұр, - деді Тұрсекең.

- Иә, ойлан, қарағым. Сабақ ауыстырып жүрсің ғой, өзінді студенттер де жақсы атап жүр, - деп Зекең де қолпаштап қойды.

Ағайдың айтқанының да себебі бар еді. Тура осы жерде орай келіп тұрған соң айта кетейін. Аспирантураға жоғары оқу орнынан келгендігім маған бір «сор» болды. Өзіммен бірге түскен академик З. Қабдоловтың аспиранты жан досым Әуез бен тағы бір аспирант М.Тукебаева бұрын ЖОО-да жұмыс жасамаған. Бірі - газеттен, бірі - басқа саладан келген. Факультет оқу үдерісінде болмай қалмайтын «сабақ ауыстыру» деген маған «пәле» болып жабысты. Оқытушылар іссапарға немесе басқа да бір жағдайға байланысты жол жүрмей тұрмайды. Сондайда жатақханадан күн-түн демей тауып алатындары мен болдым. Кафедра меңгерушісі З.Қабдоловпен келісіп алады да, ол кісі шақырып алып, өзінің майда тілімен «қарағым, саған сенім артып отырмыз» деп алды-артыңды орап тастайды. Сылтау айтып құтылуға еш мүмкіндігің қалмайды, амалсыз келісесің. Ғылым жазасың ба, жоқ басқаның сабағын ауыстырасың ба, әбден «ерқашты» болған кезім де болды. Жәнедағы әр қайсысы әртүрлі пән, студенттердің алдына барғанда «бірдене» айту керек қой, қосымша дайындалып қанша уақытың зая кетеді. Реті келгенде айта кетейін, бүкіл аспирантура барысында өз ұстазым Тұрсекең маған бірде-бір рет сабаған ауыстыру туралы нұсқау жасамаған екен. Бір рет «сабағыңызды мен өткізіп берейін» дегенімде, «қайтесің оны, өткізеді, одан да жұмысыңды жаз» деп кесіп тастаған.

Содан не айтарымды білмей қалдым. Сасқанымнан аузым түскені:

- Ағайлар-ай, сенімдеріңізге зор рахмет. Бірақ мен үйді қайтемін, Қарағандыда пәтердің кезегінде тұрмын. Ал жасым болса отызға келді, - депмін. Аспирантурадағы үш жылда Алматыдағы пәтер жағдайын жақсы білемін. «Аспиранттар үйі» аталып кеткен жатақхананың астыңғы екі қабатында алды ғылым докторы, кандидаттар екі-үш баласымен аядай екі бөлмеде қиналып ғұмыр кешіп жатқанынмен таныспын. Тіпті бір С. деген ғылым кандидатының «мен мына бойжетіп қалған қызымды осы жатақта ұзатамын ба деп қорқамын» деп жылағанын да естігенмін. Қысылғанда сол есіме түскен болар, тегі.

- Неше балаң бар? - деді Зекең сәл ойланып отырып. Екі кішкентайым бар екенін айттым. Сонан соң:

- Әй, Тұрсынбек, бір-екі жыл қабылдау емтиханы комиссиясына кіргізсек, ілігіп кетпей ме? – деді. Ағай екіұштылау үнмен «қайдам» деді де қойды.

- Онда саған екі күн ойлануға уақыт берейік. Бейсенбіде кафедра күні ғой, сонда келіп жауабын бер, - деп Зекең сөз біткенін білдірді. Ағаймен сыртқа бірге шығып аялдамаға дейін шығарып салдым. ҚазМУ-да ғылыми орта барын, диссертацияны да тез қорғауға мүмкіндік мол болатынын, алда докторлық тұрғанын тілге тиек ете келіп, «дұрысы келіскенің жөн» деп ақыл білдірді. «Желтоқсан көтерілісінен» кейін Алматыдағы жершілдік пен туысқаншылдық індетінің бәсең тартқан кезі еді ғой. Өзі ашып ештеңе айтпаса да кафедрадағы бос орынға менің кандидатурамды ұсынған Тұрсекең екеніне еш күмәнім болған жоқ.

Ауылға телефон шалып, әкеммен хабарласып едім, қарсы болмады. «Білдей екі бірдей ғалым ағаң айтып отырса, қалғаның дұрыс болар. Далаға тастай қоймас» деген ақыл айтты. Әйеліме хабар салып едім, «Үйді не істейміз, пәтер жалдаймыз ба, жоқ жатақханада тұрамыз ба, өзің шеш» деген уайым білдірді.

Не істерімді білмей, әрі-сәрі болдым да қалдым. Қайда жатақханада тұрсамда бәрібір емес пе, қалсам қалайын деп шештім. Бір құжатқа қол қойдырмақшы болып, университеттің аспирантура бөліміне бара қалып едім, ондағы қыздар менің министрлікке барып жолдама алуым керек екенін айтты.

«Ол неге керек?» десем, солай, мен аспирантураға өз университетімнің маман кадрлар дайындау мақсатындағы арнайы тапсырма-сұранысы арқылы түскенмін. Міндетті түрде қайтып барып жұмыс істеуім керек екенін тәпшіштеп түсіндірді. Ағайлардың айтқаны ойымда, нақты біліп алайын деп, осында қалуыма, не басқа оқу орнына баруыма болатын-болмайтыны туралы бәрін сұрадым. Сөйтсем, босқа уайымдап әуреге түсіппін, мен целевая аспирантура дейтін жоба бойынша келгенмін, енді міндетті түрде өз жұмыс орныма баруым керек екен. Әйтпесе заңды бұзатын көрінемін. «Е, тағдырдың жазуы солай шығар» дедім де қойдым.

Бейсенбіде ертерек келіп аспирантураға бірге түскен досым, марқұм Әуезді тауып алып, жағдайды айттым. Ол «Қазақ әдебиеті» газетінен, журналистикадан келген болатын. «Ағайлар осылай деп отыр. Ал менің қалуыма болмайды екен, сен мына ғажап мүмкіндікті бос жіберме, газетті қайтесің. Мен жағдайымды айтқан соң сені ғана ұсынамын» деп екеуміз келісіп алдық. Ол кісілер іле-шала іздеп қалса, кафедрадан шықпай отыруын тапсырдым.

Кафедраның шағын жиыны өткен соң Түрсекең екеуміз Зекеңе кірдік. Мен барлық жағдайды түсіндіріп, алғысымды айттым. Зекең «Солай ма екен» дегеннен асқан жоқ. Ал Түрсекең:

- Қап, әттеген-ай, осылар қайдағыны қайдан шығарып алады осы. Енді қайттік енді, - деп қатты өкінді. Осыны пайдаланып мен:

- Ағайлар, не шаруаң бар деп сөге көрмеңіздер. Бұл орынға Әуез әбден лайық. Тек газеттен келді демесеңіздер. Диссертациясын жазып бітірді. Ең бастысы пәтері бар, сіздер де, ол да қиналмайды, - деп жібердім. Екі ағайым да маған аңтарыла қарады. Аспирантураны бітіріп, алдын ала қорғаудан өтіп алған соң еркінсідім ба, білмеймін. Әлде ағайлар соншама сенім артқаны қанаттандырды ма, әлде досыма сәл де болса себім тисін дедім бе, оны әлі күнге түсінбеймін...

- М-мм...Айтпақшы ол бар екен ғой, - деді Зекең.

- Ер бала ғой, ол да жарап қалар, - деді Түрсекең көңілсіз ғана. Жүзінен менің кафедрада қала алмайтыныма деген өкініш анық сезілді. Үміт күткен шәкіртін балаларынан бірде бір кем көрмей кеткен қайран ұстазым-ай!

- Өзі бар ма екен, кетіп қалған жоқ па? Бар, біл де жіберші, - деп Зекең мені жұмсады. Кейіннен білдім, сол босағалы тұрған орынға жоғары жақтан бір-екі қолайсыздау адамдарды алдыруға талас туып, өтініш көбейе бастаған соң ағайлар қиналып жүр екен. Сонымен менің орныма Әуез досым аға оқытушылық жұмысқа қабылданды. Мен елге қайттым. Бұны бүге-шігесіне дейін айтып отырғаным, сол кезде Түрсекең менің диссертацияны 300 бет жазғанымды қайта-қайта айтып жүрді. Ол өз қатарластарымның қызғанышын да тудырды. «Айта бермеңізші» деп жалынғаным да есімде. Кейін ұқтым, сонда Түрсекең мені жанына жақын ұстап, тезірек докторлық қорғатып, қазақ әдебиеттану ғылымының тарихын оқу орындарына жеке пән ретінде тезірек енгізуді мақсат тұтқан екен.

Аспирантураны бітіріп, елге қайтып жұмысыма кірістім. Осы 1990 жылы ұстазым маған өмір бойы есімнен кетпейтін және берік ұстанатын бір тағылым айтты. Қазақстандық компартияның бас органы болып саналатын «Социалистік Қазақстан» (26 шілде, 1990) газетіне Ә.Мендеке деген біреудің Түрсекеңді күстаналай жазған «Көрмейін десем көзім бар» деген қаралағыш ашық хаты жарияланды. Оны оқыған соң іле-шала ағайға хабарласып:

- Ана Ә.Мендеке деген кім өзі? Мына мақаласымен не демекші? Мұнда біз өте қобалжулымыз. Мен қарсы мақала жазсам ба деп отырмын, ал тілекшілеріңіз жиналып қол қоймақшы, - деп арсы-күрсі сөйлеп, онда мынаны айтам, ананы жазам дедім. Түрсекең асықпай тыңдап алды да:

- Қарағым, Жандос, хабарласып көңіліңді білдіріп жатқаныңа рахмет. Бірақ, мына екі нәрсе есінде болсын. Біріншіден, не жазсаң да өзін жаз, өз атыңнан жаз. Екіншіден, ешқашан да басқалардың жазғанына қол қоюшы болма. Бұл ашық хаттың соңында кімдер тұрғанын жақсы білемін, тілді алсаң сен тырп етуші болма. Оны мен жаздырып жатыр деп, дауды өршітуді олар аңдып отыр. Бұл Сәкен мен Сәбитке қарсы шабуылдың басы болайын деп тұр. Мен өзім жауап берем. Алдында кандидаттық қорғауың тұр, жау көбейтпей-ақ қой. Ал тілеуқорлығына рахмет, - деп сөзді көпке созбады. Расында сол газетте ағай «Парасат биігінен көрінейік» атты мақаласымен жауап берді. Ұстазым айтқан осы тағылымына әлі күнге берік ұстаныммен қарап келемін.

Ол кезде қазақ тілінде диссертация жазатындардың соруы бес батпан. Жұмысты қазақша жазасың, қазақша қорғайсың, бірақ бекітуге Мәскеудегі ЖАК-қа жібересің. Ол үшін диссертация да, оған қажетті құжаттардың барлығы да тек орысша болуы керек. Отаршылдық қымысқы саясаттың ғылым саласындағы бір зорлығы осы болатын. Содан жұмысты ақы төлеп орысшаға аудартып

жатқанымда қызыл империя құлады. Алдында ғана Алаш Арыстарының ғылыми және әдеби мұралары ақталған. Марксизм-ленинизм классиктері еңбектеріне сүйенген кеңестік әдебиеттанудың әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы секілді қағидаларына қарсы көзқараста диссертацияны қайта жазып шығуға тура келді. Тағы егіз кішкентайлы болдым. Өзім төрт баламен жатақхананың тар екі бөлмесінде тұрамын. Таңнан кешке дейін жұмыста жүресің, түнімен ала қағазбен отырамын, қатты қиналғаным рас.

1993 жылы кандидаттық диссертация қорғап, өзімізде ашылған ЖАҚ-тың бекітуін алдым. Басқасын білмеймін, мені тек шәкіртім деп емес, өз туған баласындай көрді. Мен өз тарапымнан мерейтойларында болсын, басқа да ортада болсын «рухани әкем» деп ашық айтып жүрдім. Қызғанғаны ма, көре алмағаны ма, біреулер «адамда бір ғана әке болады, осы сен қайдағыны қайдан шығарып жүрсің» деп те көрді. «Шаруаларың болмасын» деп айныған емеспін. Шығыстың бір ғұламасы: «Ғылымда жақсы шәкірт тәрбиелеп және оның өзінен асқанын қызғанбаған адам ғана шын мәніндегі Ұстаз», деген екен. Ендеше Т.Кәкішұлы шын мәнінде - ҰСТАЗ!

Сол жылы кафедрадағы кейбір жағдайға байланысты кандидаттық атағым әлі бекіп үлгермесе де, ҚарМУ-дегі ұстаздарым мені қинап отырып кафедра меңгерушілігіне сайлатты. Одан екі жылдан соң деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары болып жоғарылады. Осыны білген Түрсекең:

- Деканаттың қағазбасты жұмысын қайтейін деп едің. Енді ғылым айдалада қалады. Тез арада құтыл, - деп реніш білдірді. Оған дәлел орнына ағайдың өзінің «Мерей» (2002) атты екі томдық еңбегін сыйлағанда бергенде жазған мына қолтаңбасын келтіре кетейін:

«Қадірлі Гауһар – Жандос!

Келінім Гауһар, қазақ әдебиеттану ғылымына ерінбей жегілетін және оны салалап дамытуға ерен еңбек сініретін Жандосты «тәрбиелеп» бергеніңе көп рахмет! Алдыңғы арбаның ізі кейінге соқпақ екенін ерте ұғынып, ерінбей-жалықпай еңбек етуге ұмтылғаныңа ризамын, Жандос. Кафедрадан биіктесең зерттеуден қол үзіп, кітап жазуды «ұмытып» кететініңді естен шығарма! Бала-шаға қуаныш-шаттығы сендерді бақытқа батыра берсін. Тұрсынбек – Күләш. 19.09. 2002.»

Мансаптың атағы мен татар дәмі қанша тәтті болғанмен, ағайдың осы ақылын құп көрдім. Кейінде Повлодар қаласында педогогикалық институт ашылғанда соған ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор болып барасың ба деп ақыл салғанда, ағайға «өзіңіз кафедрадан биіктесең ғылымнан қол үзесің деген едіңіз ғой» деп бас тарттым. Айта кететін бір жайт, Түрсекең ғылым құған адамның отбасының ұйытқысы әйел екенін әрдайым дәріптеп жүрді. Шәкірттерінің үйіндегі келіндерін риясыз жақсы көріп, оларды біздерден жоғары қоя сөйлейтін.

Сол баяғы «Қазақ әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу жолдары» деген атауды докторлық диссертация тақырыбы ретінде бекітіп қойғанмын. 1997 жылы бір реті келгенде аға ғылыми қызметкерлікке шығып алдым да, докторлық жазуға біржола ден қойдым. Бұрынғы екі тараудан қалған ғылыми негіз бар, онша қинала қоймадым. Тәуелсіздік алғаннан бергі деректермен толықтырып, 1999 жылы Алматыдан «Қазақ университеті» баспасынан тұңғыш «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» атты монографиям жарық көрді. Кітап қолыма тиісімен қуанышым қойныма сыймай, ұстазыма алып бардым.

Сіз кеме болсаңыз, мен қалтылдаған қайық шығармын,

Сіз шыңырау болсаңыз, мен жай ғана ойық шығармын.

Осы кітабымда Сіз күткенді айта алмаған болсам,

Онда ғылымнан біржола «тайып» тұрармын, - деген шын көңілден шыққан қолтаңбамды жазып апардым.

2001 жылы докторлық диссертацияны қорғауға шықтым, ұзынсонар тексеруге түсіп, бекуі бір жылдай уақытқа созылып, ақыры сәті болмай бекітілмеді. «Е, тағдырдың жазуы солай шығар» дедім де қойдым. Оны жазып жатсам, таусылмас бір тарих, нақты себебін ғылыми орта жақсы біледі. Тек шет жағасын ғана айтайын. Кандидаттық диссертация тақырыбы «Қазақтың әдеби мұраларын игеру проблемалары» (1920-30 жылдар) деп аталады. Ал докторлық «Қазақ әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу жолдары» деген тақырыпта бекіген. Онда ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің туу, қалыптасу жолдарың сонау VI-VII ғасырдан бастап 1970 жылға дейінгі тарихын жүйелі зерделеу мақсаты алға ұсталды. Ұлттық әдебиеттанудың осы 1920-30 жылдардағы кезеңі туралы ұстазым екеуміздің аразамызда келіспеушілік туды. Мен «диссертациямның көлемі онсыз да жетіп артылады, кандидаттық диссертацияда қаралған деп, осы кезеңді жұмыстан мүлде алып тастасам қайтеді» деп

едім, ағай «ол өте күрделі кезең, одан неге аттап кеттің десе, не дейсің» деп көнбеді.

Себебі декан кезінде қаталдығы мен мейірімсіздігіне ыза болған студенттері үйіне табыт жіберген Т.К. деген ғылыми кеңес мүшесінің менің алдымда докторлық қорғаған З.Б. мен Б.К. деген жігіттердің жұмысындағы кандидаттық диссертациядағы айтылған мәселелер қайталанған деп қорғау барысында «қанын ішкенін» білетінмін. Мен осыны алға тартып едім, ағай «онда мүлде алып тастама, сығымдап 20-25 бет көлемінде кіргіз, ештеңе етпейді» деп шешті. Расында қазақ әдебиеттану ғалымының туу кезеңі өткен осы жылдардан аттап өту ақылға сиымсыз екені де рас. Әсіресе, Алаш арыстарының кеңес дәуірінде ғылыми айналымнан шығып қалған іргелі еңбектері мен мақалаларына тоқталмай қалайша ғана тарихын саралау мен дәуірге бөлуге болады?! Дүние төңкеріліп түссе де ұстазымның сөзін жерге тастап маған не көрініпті?! Бұл да табылған ақыл ғой деп қорғауға сол нұсқада шықтық.

Қорғау басталды. Т.К. - нің бізге қарсы қатты дайындалғаны, менің қорғау сөзім біткеннен кейін-ақ белгілі болды. Қолында 1993 жылғы кандидаттық диссертациямның сол ҚазМУ кітапханасына тапсырылған қолжазбасы мен осы докторлығымның нұсқасы. Сол 25 бет бізге сор болып жабысты. 6 сағат бойы қорғадым, 53 сұрақ қойылды. Оның жартысын қойған да сол - қарсы адам. Талқылау басталды. Т.К. үш рет шығып сөйледі, Түрсекең оған қарсы 2 рет мінбеге шықты. Алғашқысында сол «1920-30 жылдарды қостырған мен едім» деп ақтала айтып еді, Т.К. мүлде өршеленіп кетті. Екіншісі сөзінде ұстазым: «Әй, қиянпұрыс Т, сен айқассаң менімен айқас, жаулығың болса маған жаса. Осы Алматыда отырып қайсымыз ұлттық әдебиеттану тарихын тексердік? Сонау Арқадан келіп жоғымызды түгелдеймін деп жүрген балада нең бар?!» деп төтесінен кетті.

Соңғы сөз маған берілді. Қатты шаршасам да алған бетімнен таймадым, тіпті қырсығым ұстап кетті. Т.К. - нің сындарының негізсіз екеніне тоқтала келе «Сіз жаңа сөзіңізде өз пікіріңізді ЖАК-қа жазамын дедіңіз ғой. Жазсаңыз жаза беріңіз, ол сіздің правоңыз. Бірақ мен өз пікірімнен ешқашан қайтпаймын» деп аяқтадым.

Қорғауға өзі де ғалым, ғылым кандидаты менің туған ағам Мұратхан қатысқан еді. Залда ағам тура Түрсекеңнің артындағы орында отырған екен. Кейін маған «Сен өз пікірімнен қайтпаймын» дегенінде Түрсекең «Уһ» деп еңсесін тіктеп алды да «Дұрыс» деді» дегенді айтты. Сонда ғана аяулы ұстазымның мен қатты қысымға шыдамай солқылдақтық танытып қала ма деп қауіптенгенін білдім. Тартыстың негізі қайдан туындап жатқанына аздап хабарым бар мен ұстазымды дұшпанының алдында жығып бермедім. Докторлық бекімесе бекімесе деп ұстазымның көзіне тура қарай алатын шәкірттік парызымды өтедім. Оған әлі күнге дейін өзіме разымын.

Жұмыстың тексерілуі мен бекіуі бір жарым жылға таяу уақытқа созылды. Екі бірдей «черный рецензент» оң шешім қабылдағанымен, ақыры барып Түрсекеңмен өмірбойы дұрдараз болып жүрген С.Қ. деген фольклоршының қолына түсті. Ол «ізденуші өз жұмысында шамасына қарамай мені де сынады» деп қойып бекітілмесін деп шешті. Сол қортынды жазған пікірі менің қолымда сақтаулы тұр. Өмір болса, бұл туралы да әлі таратыла жазыла жатар.

Ұлт мүддесін бәрінен жоғары қоя білетін белгілі ғалым, профессор А.Ісімақованың «Алаш әдебиеттануы» (2009) атты іргелі зерттеу еңбегі бар. Автор онда: «...Біз болсақ, өзіміздің кеңестік білімімізбен ғылымға баяғы шектеулі көзқараспен қараудамыз. Осыдан он жыл бұрын қорғалған Ж.Смағұлдың «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» атты докторлық диссертациясын құлатуға бар күшін салған бір ғалым ағамыздың әрекеттері еске түседі. Оның ойынша ғылым міндетті түрде үйреншікті кеңестік қалыппен жүруі тиіс. «Қолында билігі бар жеке адам ғылымға қиянат жасай алады» дегеннің осылай іске асуына куә болдық. 10 жыл бұрын қазақ әдебиеттану ғылымына төңкеріс жасаған Ж.Смағұлдың бұл еңбегін бүгінде ғылыми қауым үн-түнсіз ғана пайдаланып келеді» деген жүрекжарды пікірінде ащы ақиқатты айтты. [15-бет].

Т.Кәкішұлының ұлттық масштабтағы мән-мағынасы бар бастамасына кесе көлденең тұрушы Т.К. және С.Қ. сияқтылар мен секілді шәкіртінің ғана емес, ғалымның ғылыми мектебінің дамуына тұсау салды. Соның кесірінен қазақ әдебиеттануының библиографиясы, текстологиясы, тарихнамасы (историография) және әдіснамалық мәселелері секілді салаларының қалыптасу тарихын зерттеу жұмыстары он жылға кешеуілдеп қалғанын ашық айту керек. «Қызған кезде соғылмаған темір» болғандықтан бұл тақырыптар әлі де болса кешенді түрде қарастырылмай жатыр. Мәселе кімнің ұтып, кімнің ұтылғанында емес. Бұл - қазақ әдебиеттануы бастан кешкен оқиға. 1959 жылғы «Әдеби мұра және оны зерттеу» атты конференцияда өз концепциясын М.Әуезовтің беделімен өткізген

Қ.Жұмалиев профессор Б.Кенжебаевтың қазақ әдебиеті тарихын ежелгі дәуірден бастап дәуірлеу мен зерттеу идеясын тура он жылға шегергенін айтсақ та жеткілікті. Сол кезде ғылыми жетекшілігіммен сын тарихы салласынан диссертация жазып жүрген бір шәкіртімді өзім басқа ғалымның жетекшілігіне теліп қорғаттырдым. Ал енді біреуі өзі теріс айналды. Өкініштісі ол емес. Қазірде магистратура мен докторантурада «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы», Қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» атты пәндер ғана жүргізіледі. Шіркін-ай, «Қазақ библиографиясының тарихы», «Ұлттық әдебиеттанудағы текстология мәселелері», «Қазақ әдебиеттануының әдіснамалық мәселелері» атты пәндер жүргізіліп жатса, ол Т.Кәкішев пен Ж.Смағұловқа ғана керек пе екен!? Әдебиеттануының пәндері мен салаларын жүйелі түрде кешенді оқытуға қол жеткізе алған ұлттық ғылымға қандай мерей болар еді.

Ғылымда тура болуды қалайтын «қырсығым» ұстап 2005 жылға дейін жүрдім де, осы жылы «Ұлттық әдебиеттану әлемі» атты монографиямды шығарып, тағы бір талпынып көрдім. Онда алдыңғы монографияда тарихи шындық тұрғысынан айтылған ащы да айқын пікірлерімді алып тастауға мәжбүр болдым. Осы ойымды Түрсекеңе айтып едім, «шегіністің бәрі де жеңіліс емес, бір есептен оның да дұрыс болар. Ел бірінші монографияңды оқыды ғой» деді.

Бұл шақта диссертация қорғап ғылыми атақ алу бір ұланасыр науқанға айналып кеткен кез еді. Ғылымға қатысы бары да, жоғы да қорғамақшы болып жанталасқа түскендіктен ұзынсонар кезек те пайда болды. Ғылыми кеңесті көлденең пайда табуда «сауын сиырға» айналдырғандар ақыры оны жауып тынды ғой. Жасыратыны жоқ, тұмсығымды кіргізейін деп бір-екі рет ұмтылып едім, «көженің қоюын қою, сұйығын сұйық» деп айтсам, «бармақ басты, көз қыстыға» тап болдым да тауым шағылды. Содан соң ғылым кандидаты да далада қалмас деп қолды бір сермедім. Ал Түрсекең «қашан қорғайсың, менің тарапымнан не көмек керек?» деп жанашырлықпен, «Не, сен, екінші Қайым болайын деп жүрсің бе?» ұрсып та қойып жүрді. Мен болсам:

Тұлпар ем, жоқ ед кемдігім,  
Алдымнан арқан керді кім?  
«Батыраштармен» тартысудамын,  
Кеудемді кернеп шерлі мұң.  
Ұлы емеспін, кем де емеспін ұлыдан,  
Көк бөрінің ұрпағымын ұлыған.  
Талай жылдар сермелмеген семсерім,

Әйтеуір бір жарқ етеді қынынан, - деген өлеңімдегі айтылған ой мазмұнында сырғақси жауап беремін. «Екі кісі бейім тұрса есті кісі кейін тұрады» деген атам қазақтың жоралғысымен ғылыми ортада болып қалған кейбір кейбір келеңсіздіктердің қолбайлау болғаны да жалған емес еді.

Бір қисайсам қайтпайтын «қырсығым» біраз ұстады да, тек 2009 жылы Астанада қорғап шықтым. Оған да себеп болған Тұрсынбек ағай, ал шынын айтқанда, сол үйдегі Күләш жеңгей! Әлі есімде, 2008 жылы Түрсекең жеңгей екеуі Қарағандыға бір үлкен мерейтойға арналған ғылыми конференцияға келді. Әуежайдан күтіп алып, қонақүйге орналасып, шай-пай ішкенен соң, үйден дәм татудың сәтіне қай күні, қандай уақыттың дұрыс болатынын жайлап сұрадым. Ағай:

- Енді оның ыңғай қалай болар екен, - деп жеңгейге қарады. Күләш апай жұлып алғандай:

- Әй, Жандос, сен мына докторлығыңды қайта қорғамасаң, біз сенің үйіңнен дәм де ішпейміз, табалдырығың да атамаймыз. Солай! Сен қорға, қорғама, оның құны, грубо айтқанда, маған бес тиын. Маған мына жаман ағаң керек. Кез келген отырыста сенің диссертацияңның бекімей қалғаны сөз болады. Сонда мына ағаі «Жандостың диссертациясының бекімеуіне менің кесірім тиді-ау, дұшпандарым мені мұқатамын деп обалына қалды-ау» деп ойлап, көзін төмен салып жасып қалатынын байқап жүрмін. Сол түні ұйықтай алмай, дәрі ішумен болады, - деп айтып салды. Шошып кеттім, керек десеңіз үнім шықпай қалды. Докторлығымның бекімеуіне ағай сонша қиналады-ау, оның себебін өзінен көреді-ау деп ешбір ойлаған емеспін. Жеті жаста анамнан жетім қалғанан бері тағдырдың ұсынатын кез келген «сыйын» мойымай көтеріп алуға дайындығым жеткілікті еді.

- Қой, Күләш, олай деме, - деп ағай басу айтты. Ештеңе дей алмадым. Сонау 1985 жылдан Қарағандыға келген сайын үйден дәм тататын қайран ұстазыма сол жолы шай бере алмадым. Ал бірақ жеңгейдің осы сөзі қатты батты, тереңдей ойлантты да «қайткен күнде қорғаймын» деп берік шешімге келіп, оны да жүзеге асырдық. Астанадағы осы қорғау барысында және банкетте ағай ерекше шабыттана сөйлеп, ерекше бір көтеріңкі көңілде жүрді. Сәті келіп тұрғанда айтайын, осы

қайта қорғауымда маған моральдық-психологиялық, әріптестік тұрғыдан қолдау көрсеткен ғылыми кеңестің төрағасы ф.ғ.д., Д.Қамзабекұлы мен ғылыми оппоненттерім ғалым профессор А.Ісімақова, А.Еспембетов, Қ.Ергөбекке деген алғысым шексіз. Шынын айтсам, оларды диссертацияға оппонент боласындар деп келісімен алып жүрген де Түрсекең болатын. Әйтпесе «ол бір даулы жұмыс қой» деп қиқандаған адамдарды да білеміз.

Профессор Т.Кәкішев жазған: «Өнегенің үлгісін көріп тұрып, содан үйренбеуіміз, шыр айналып совет әдебиетінің шындығынан кандидаттық, докторлық диссертация қорғап, атақ алуымыз, 1917 жылға дейінгі былай қойғанда, соғыстан әріге бара алмайтын ғылыми бишара мүсәпірлікті, «социалистік реализм туы астында» деген ұранмен шапқылай беруіміз қазақ әдебиеттану ғылымының сорына шыққанын енді ашық айтайық» деген тұжырымын шәкірті ретінде дәлелдеп шықтым. Бас-аяғы жеті жылғы сергелдеңге түскен докторлық бір жарым айдың ішінде бекіп шықты. «Ұлттық әдебиеттану тарихы мен әдіснамасын тек сен ғана диттеп шығасың» деп ағай үміт артты, мен сол сенімінен шыққаным бүгін мақтанамын.

Мен Түрсекең отбасындағы, ағай менің шаңырағымдағы қуанышты-ренішті жағдайлардың бірде-бірінен қалыс қалып көрмеппіз. 2006 жылы 50 жасқа толуыма байланысты университетімізде өткен конференцияға досым Өмірхан екеуі бірге келіп, сөз сөйлеп, шапан жапты. Бізде де дос-дұшпан бар, «Түрсекең қайта қорғамады деп ренжулі, келмейді» деген сыпсың сөздің тас-талқанын шығарды. Ең үлкен «Ұлылық – қарапайымдылық» дегенді адами болмысымен дәлелдеді. Оны былай қойғанда, сол жылы мерейтойдан алты ай бұрындау «Қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» атты оқу-әдістемелік құралды жазып, «Осыны соавторлықта шығарсақ кайтеді. Сіз өзіңіздің қосатыныңызды жазып, баспаға берсеңіз. Маған қарағанда қолыңыз ұзын ғой» деп әзілдеп апарып тастағанмын. Сол оқу құралын шығарып әкеліп, мерейтойда қолыма тапсырды. Мен үшін бұдан артық сыйлық болған жоқ. Ұзын саны 12 кітап жазыппын, солардың ішінде тұңғыш монографиям мен ағаймен авторлық бірлестікте шыққан осы оқу құралым ерекше ыстық.

Бұл ғана емес, менің қызым мен ұлымның тойларына қатысып, туған әкемнің орнындағы Атасы ретінде бата берді. Ағай мені көп шәкірттерінің бірі деп қана емес, ғылымдағы ізбасарым деген сеніммен қарады-ау деген ойдамын. Себебі әр жерде «қазақ әдебиеті сыны мен әдебиеттануын зерттеудің қара шаңырағы Қарағандыға ауысты» дегенді айтып қалып жүрді. Егер осы айтқаным жалған деген адам болса, ауыл қатындарының тілімен айтқанда «аузы қисайсын». Ағайдың осы алтынға айырбастап ала алмайтын сенімін ақтауды өмірімнің мақсат-мұратына айналдырып келемін.

Туғанына 75 жыл толуына байланысты ғұмыр бойы жинаған кітапханасын Бұланды ауылындағы өзі оқыған мектепке сыйға тартып, әке-шешесіне ас беру сапарына арнайы шақырды. Мен, жарым Гауһар және сын саласынан ізденуші немере шәкірттері Саржан, Бағира болып барып бас-аяғына дейін қатыстық. Сонда біз ағайдың туған жер мен еліне деген перзенттік махаббатының ұланқайыр тазалығы мен ел-жұртының Түрсекеңе деген шексіз де өлшеусіз құрметіне тәнті болдық.

Түрсекеңнің достыққа деген адалдығы мен беріктігі ғаламат болатын. Ал дұшпандарына әділ, бірақ иілмейтін шар болаттай берік еді. Өз достары Айқын, Баламер, Мырзабек, Рахманқұл және тағы басқалары туралы сағаттап әңгіме шертетін. Өзім куә болған бір ғана оқиғаны айтайын. Ұстазымның Қырғызстандағы Бішкек қаласында тұратын Қашқынбай Артықбаев деген профессор досы қайтыс болған екен. Ағай ол кезде іссапарда болып, қазаға қатыса алмапты. Бірде маған телефон соғып, амандық-саулықтан соң:

- Жандос, қателеспесем, сен менің қырғыз досым Қашқынбайды білетін сияқты едің? – деп сұрады.

- Ой, ағай, білемін ғой. Жаңарқаға Сәкеннің 100 жылдық тойына келгенде жандарыңызда болып, қолдарыңызға су құйып едім ғой, - деп нақтыладым.

- Ендеше, сол досым қайтыс болғанда мен бара алмай қалып едім. Енді қырқына шақырып отыр, сен жұмыстан сұран, бірге барып қайтамыз, - деп кесіп айтты. Қарсы болмақ түгіл, мерейленіп қалдым. Бүкіл Алматыдан сапарлас болуға Түрсекең адам таппай отырған жоқ қой.

- Сөзіңіздің садағасы, ағай, барамын, - деп уәде бердім. Алматыдан стоматология саласының профессоры М. Темірбаевтің джип көлігімен Түрсекең, досым Өмірхан төртеуіміз жолға шықтық. Түрсекеңнің досының орнына арнайы келгеніне қырғыздар керемет көтеріліп қалды. Біз сыйлы адамға бас тартсақ, олардың құрметті қонағына беретін мүшесі жекелеп бұзылмаған, төңкерілген бетінде тұтастай пісірілген жылқының жаясы екен. Екі жігіт әрең көтеріп келіп табақты Түрсекеңе

тартты. Сонда ағайдың досы туралы сөйлеген сөзіне бүкіл қырғыз бауырлардың риза болмағаны жоқ шығар. Ол да бір ұстаз шапағатының мерейіне бөленген бақытты шағым екен-ау, шіркін...

Түрсекең 2008 жылы «Сәкен жүрген ізбенен» деген жолсапар жоспарлап, Балқаш, Ағадыр, Шет, Өспен, Қарағанды, Жаңарқа, Түгіскен, Астана бағытында кездесулер өткізді. Ол ақын Ғ.Жайлыбайдың 50 жасқа толған мерейтойының туған жерінде өтуімен сабақтастықта өтті. Он күнге соғылған осы жолсапарда ағайдың тілегі бойынша шәкірттерім Сағымбай, Саржанмен бірге қатыстық. Ғылым жолындағы қиын-қыстаулы ғұмыр жолының әр белесі мен қытымыр кезені туралы кеңінен танып білдік. Оның шет жағасын білетін мен «аға, осы қалай болды өзі, соны айтып беріңізші» деп сөз бастаймын. Мақтанғаным емес, бұл жағынан ағайыма еркіндеу болдым. Сын мен әдебиеттану бірін-бірі толықтыра отырып, қанаттасса бірге дамитын болғандықтан біраз нәрседен хабарым бар екені рас. «Әй, сенің білмейтінің жоқ-ау» дегендей одырая бір қарап алып, «ол былай ғой» деп сөз сабақтап кететін. Әсіресе, Сәкен ақталғаннан бергі сәкентану ілімін қалыптастыру жолындағы қажымас қайрат жасаған кездері туралы әңгімелегенде жүзі нұрланып, көруі нашарлай бастаған жанары нұрланып қоя беретін.

Осы сапардың ыстықтығы 40 градус болған бір күнінде Шерубай-Нұра өзеніндегі қарасуда жиырма шақты адам жан сақтадық. Сонда Мұқтар мен Сәбиттей екі ұлы тұлғаның арасындағы пенделік басараздық туралы жазған «Алыптардың айқасы» атты эссе-естелік жанрындағы еңбегі жайында айтуын өтіндім. Жарияланғанына көп болмаған еңбекті жұрттың көбі оқымаған, бәрін бастаған «қара теке» менмін. Себебі Сәкеннің ұсталуын әлі Сәбеннен көретін Жаңарқа жұрты жазушыны аса жақтырта қоймайтынын білемін. Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда тарихи шындық ашылып, барша мұқановтанушылар, оның ішінде Түрсекең де бар, Сәкен тағдырының көп сырлары ашылғанмен, ел арасында бір кезде Сәбеннің жаулары таратқан жалған пікір осы жұртшылық ішінде «қатынөсек» қалыпта әлі жүргені рас еді. Сондықтан ел билігі мен мәдениет-өнер саласында жүретін жігіттердің көзқарасына саңылау түсіріп, Сәбен туралы пікірлері өзгерсе екен деген ойым болды. Қарапайым оқырман білмей-ақ қойсын деген оймен сыдырта баяндап кеткен жері туралы діттеп сұрап, қадала қарап, тұшына тыңдастық. Сонда Түрсекеңнің жадының мықтылығына барша тыңдаушының риза болмағаны шамалы. Жыл, ай секілді даталарды былай қойғанда, шыққан журнал, газеттердің күні мен санына дейін қолына ұстап отырғандай айтады. Кейбір есіне түспей қалған жай болса, «әлгі Сәбен былай деп жазған мақаласы аты қалай еді» деп маған қарайды, жалғап жіберем. Осы сапарнама туралы ағай «Жаяусалдың жазбалары» атты кітап та жазды.

Бірақ осы жолсапардан ұстазым ренжіңкіреп қайтты. Ол сый-сияпат пен құрметтен кеткен кемшілік емес еді. Түрсекең - ондай ұсақ-түйекке көңіл бөліп жататын пенде емес, ар-намыстың туын биік ұстап, әрдайым «арым – жанымның садағасы» деген тұжырымды жоғары ұстаған тұғыры биік тұратын тұлға! Оның мәні мынада еді.

Ғ.Жайлыбайдың туған ауылы Түгіскен жұрты ағайды хан көтеріп алды. Ақбоз ат мінгізіп, шапан жапты. Онда болған екі күннен соң Жаңарқа ауданы орталығындағы өлкетану мұражайында болатын жоспарлы кездесуге келдік. Таңертеңнен бері ерекше шабытпен жүрген ағайдың көңілі мұражайды аралау барысында біртіндеп түсе берді. Өйтпегенде ше, бүкіл ғұмырын Сәкен тағдырына арнап, Сәкен барша шығармашылық мұратына айналған, сәкентану ілімін қалыптастырған Т.Кәкішұлы туралы мұражайда арнайы қабырға не бұрыш түгіл, бір стенд те, сәкентанушы ретінде суреті де жоқ болып шықты. Тек елеусіз бір бұрыштағы шыны астында 1968 жылы шыққан «Қызыл сұңқар» ғана жетімсіреп жатыр. Басқасын былай қойғанда, тура Сәкенге арналып, кейінде ғана шыққан, «Сәкен-Мағжан», «Сәкен сүйген сұлулар», «Тар жол, тайғақ кешу тағдыры» атты кітаптары да жоқ-ау, жоқ.

Мен не айтарымды білмей, жалтақтап қарай беремін, жанымыздағы Саржан, Сағымбай екеуі «масқара-ай, масқара» деп далаға безіп кетті. Дымбілместердің ортасында ұстазымды жалғыз қалдырам ба, мен көңіл аулаған болып әрнені айтқан боламын. Сонда ағайдың көкейге келіп кенет тығылатын ашу-ыза мен шарт етуге шақыратын ренішке оңайлықпен бой алдыра қоймайтын мықтылық болмысына таң қалдым. Ондай ерлік менің қолымнан келмес. Әкесіне «шымкенттіктерше шешесіне қосып сыбап салып», көлікке отырып тартып тұрарым анық. Ал Түрсекең сыр білдірместен «Е-е-е, мұражайларың осындай екен ғой» деп көп аялдамастан 1-қабаттағы кездесу өтетін залға түсіп кетті.

Залда аудандық кітапханадан теріп әкелген Түрсекеңнің үш-төрт еңбегі мен басқа да кітаптар

қойылған шағын сөре ғана тұр екен. Ағай оған көзін де салған жоқ. Аудан басына келгендегі таңертеңгі шай үстінде көңілденіп «Мен елге Сәкен мен Мағжанның арақатынасы мен Сәкеннің әйелдері туралы тың деректер айтсам ба деп отырмын» деп қалған болатын. Бірақ, осы кездесуде шешіліп сөйлемеді. Тек Сәкен өзінің тағдырына айналғаны, Алматы өзін Сәкеннің інісі деп білетінін, «Қызыл сұңқар» кітабының шығу тарихы туралы бұрыннан мәлім жайттар төңірегінде қысқаша айтты да қойды. Ал жоғарыда айтам дегені туралы жақ ашқан жоқ, тек сондай кітаптар шыққаны туралы мәлімет айтумен шектелді. Жанында ызаға булығып мен отырмын. Ардагерлер ұйымынан және аудандық мәдениет бөлімінен екі адам сөйлеп, кездесу өткізгеніне рахмет айтты. Соңында маған сөз берді.

Қайдан сап ете түскенін білмеймін, атақты Сырым батыр туралы эпсана есіме түсе кетті. Айтпасам ба деп бір ойландым да, түнеріп отырған ағайға бір қарадым да айтам деп шештім. Ол мынау еді. Сырым батыр көтеріліс қамымен Хиуа хандығына барып келе жатып, соңына түскен қуғыннан құтылу үшін серіктерін басқа бағытқа жіберіп, өзі жалғыз құм ішіне кетеді. Содан адасып, шаршап-шалдығып, әбден шөлдеп, «өлдім» дегенде бір қойшының лашығына тап болады. «Кім бар-ау» деуге шама жоқ, босағаны қақса, бір бойжеткен қыз атып шығыпты. «Су-у» дегенді әрең айтқанында қыз қайта кіріп кетіп, бір тостаған шалап әкеп ұсыныпты. Басына көтере ішіп салған Сырым батыр:

- Уһ! Япыр-ау, бір тостаған шалап бір адамның құны екен-ау, - деп салыпты. Сонда бойжеткен қыз:

- Жоқ, аға! Ол - екі адамның құны. Егер сусап келгенде ішпесеніз, сіз өлер едіңіз, ал дер кезінде тауып ұсына алмасам, ұяттан мен өлер едім, - депті.

Осына айта келіп, сексеннен аса да жүрегі Сәкен деп соққан Түрсекеңе мұражайдан бір бұрыш бұйырмаған деу не сұмдық дей келе:

- Жаңағы эпсанадағы бойжеткеннің тілімен айтқанда сіздер осы мұражайларыңыз арқылы Т.Кәкішұлын бір өлтірдіңіздер, ал Сәкенді екі өлтірдіңіздер, - деп қатты аяқтадым. Қайдағы қол соғу, жиынды жүргізуші кездесуді ылдым-жылдым тез аяқтады. Орнымыздан тұрғанда Түрсекең арқамнан екі рет қағып, ризашылық сезімін білдірді. «Қалай қабылдар екен» деп алабұртқан алаңдаулы көңілім бірден орнына түсті.

Әкімшілік тарапынан берілген дәмді іштік. Мәдениет бөлімінің адамы «қатемізді түзейміз» деп ақталып баққанымен, Түрсекең бәрібір ашылған жоқ. Олардың кигізген шапанын да «мә, сен ал» деп Сағымбайға бере салды. Автокөлікке отырып, төртеуіміз жолға түстік. Әлгі ыңғасыздықтан соң үнсізбіз. Сәлден соң ағай кенеттен:

- Е-е-е, Жандостың бұл ел туралы айтатын кешегі сөзін енді ұқтым және дұрыс па деп қалдым, - деді. Мен жай ғана:

- Түрсеке-ау, бірдеме білеміз ғой, білген соң сөйлейміз ғой, - деген сөз қыстырдым. Оның сыры сол, мен осы елге күйеубала болғандықтан қатты қалжыңдасатын балдыздарыма айтатын бір оспадарлау екі ауыз сөзім бар еді. Оны арнайы мақсатта мұқату үшін айтқан емеспін, жездесініп маза бермейтін балдыздардың аузын жабу үшін ғана келтіретін едім. Соны өздері таратып алып кетті де, енді барлық обал-сауабы менде қалды. Әсіресе сол жақтың жігіттерінің келіншектері күйеуіне ашулы болғанда ыза үстінде айтылатын мазақ сөз дәрежесінде елге таратып жіберді. Жанаарқаға жолға шығарда Саржан мен Сағымбай екеуі екі жақтап ортаға алып:

- Жәке, құдай үшін, сіз сол сөзіңізді айтпаңызшы. Бұлар кеудемсоқ, ұрдажық келеді. Сіздің жезделігіңізді бірі түсінсе де, ал екіншісі қоңқ ете қалады. Түрсекеңнің сапарының сәті бұзылар, - деп жатып жалынған соң, «енді реті келіп жатса да үндемеуім керек пе?» деп барып, «жарар, айтпайын» деп уәде бергенмін. Түрсекең ол не туралы деп сұрап білген, енді соны меңзеп келе жатқаны еді.

Ғажап, иә, расында Түрсекең ғажайып жан! Жоғарыда айтылған жайтты осы сапар туралы «Жаяусалдың жазбалары» атты кітабында ағай не өкпе-реніш, не өкініш ретінде ештеңе жазбаған. Тек кездесудің өтуі туралы мәлімет қана бар. Себебін білмедім, тегі сөзі өтетін сол елдің жігіттері кешірім сұрап, кітапқа кіргізбеуін өтінді-ау деймін. Әйтпесе, олардың өті түссе де айтылуға тиісті ақиқат қой.

Негізі Түрсекеңмен еш бүкпесіз күнді-күнге, түнді түнге жалғастыра емен-жарқын сырласуым 2011 жылы болды. Осы жылы ұлым шаңырақ көтерді де, үйлену тойына арнайы шақырдым. Той

үстінде адам айтса нанғысыз қызық уақиға болды. Алғашқы сөзді балаларымның атасы ретінде Тұрсекең сөйлеген соң, бауыздау құдамның әке-шешесі үлкен құдаларға сөз кезегі келді. Бас құдағи Кеңес апай әріден бастап келінінің осы немересін туған соң төрт айдан кейін диплом қорғағанын, соған емшектегі баланы көтеріп көмекке өзі барғанын тәпшіштей айтты. Аң-таң болып, біз отырмыз. Сонда аудитория алдында сенделіп тұрғанында бір қасқабас адамның жанашырлықпен «қолың талды ғой, жүр, менің кабинетіме» деп ертіп келіп, баланы замдеканның столының үстіне жатқызып қойып, жағдайын сұрап білген соң «ой, бұл диплом келініңдікі емес, еңбек сенікі, оның иесі өзің екенсің ғой» депті. Құдағи «сол сөзді айтқан адам осы тойда отыр, ол – жаңа сөз сөйлеген профессор Тұрсынбек Кәкішев» дегенде, бүкіл ел ду етіп, орнынан тұрып қол соқты. Әрине, өмірде түрлі қызықтар бола береді. Бірақ мен осы сәйкестікті жақсы ырымға санадым. Бір кезде Тұрсекеңнің шапағаты түскен сәбидің енді менің табалдырығымды келін болып аттап отырғанын жақсылыққа баладым.

Той өткен соң ұстазымды қайтармай алып қалып, жұбайыма «келініңді түсіріп бердім, ұлың қасында, мен әкемді дем алдырып, емдетуге кеттім» деп «Арман» санаторий-емдеу орталығында он бес күнге тартып отырдық. Міне осы он бес күн бойы мен ұстазыммен емін-еркін сырластым. Бәрін айтып жатсам, ол - ұзақ әңгіме, тек екі ғана өмірлік деталь келтірсем де жетеді.

Санаторий иесі студент кезден қара нанды бөліп жеген досым еді, бар жағдайды жасап берді. Екі бөлмелі жасақталған үлкен люксте тек екеуміз. Бұнда келетіндердің басымы орта жастан асқан адамдар, себебі жүріс-тұрысында, аяқ-қол, тіздеде ақауы бар адамдар көбірек жиналған екен. Расында ағай әрі дем алды, әрі емделді, әрі ойында жүрген бір үлкен жұмыстың 56 беттік алғашқы нұсқасын қағаз бетіне түсірді. Ем алған соң сондағы жасы егде адамдардың бәрі Тұрсекеңді жағалайды, ауладағы дем алатын жерде ағай әңгіменің тиегін ағытады келіп, күлкі де, әзіл де, салиқалы әңгіме де сол жерде.

Елімізде ағайды білмейтін жан бар ма, емделушілердің барлығы да 84-тегі әкесін жетелеп жүрген маған ризашылықпен қарайды. Кейбіреуі оңашада алғыс айтып қалып жүрді. Ал мен болсам, «осы тізесі құрғыр» деп екінші қабатқа ауыр көтеріліп келе жатқан ағайға «немене өзі қартайып қалғансыз ба, жүрсеңізші, тезірек» деп әзілдеймін. Ағай «е, бала, әуелі 80-ге келіп ал, сонсоң көресің» деп жауап береді. Шіркін-ай, бұл да ағайдың жанындағы енді қайтып келмес кезең, өмірімнің ең бір сәулелі шақтары екен-ау.

Сауықтыру шараларында саз-батпақпен емдеу деген түрі де болды. Одан соң міндетті түрде душ қабылдап жуынасың, сонда ағайдың арқасын, аяғын өзім жуып беріп жүрдім. Сонда:

- Жандос-ай, рахмет, сенің осы жақсылығыңды қалай қайтарамын енді, - деп қалып жүрді.

- Қойыңызшы, аға, сіз қарыз болмайсыз, шәкірттің ұстазына, баласының әкесіне жасаған еңбегі қарызға санала ма екен, - деуші едім. Осы емдеу орыннан ағай тыңайып, ерекше бір қанаттанып аттанды. Бастысы ойында жүрген үлкен бір ғылыми жұмыстың негізгі жобасын жазып әкетті. Кітаптың атын «Сыр-сұхбат» деп атаймын деуші еді, алдағы уақытта оқып қалармыз. Ал ғалым үшін одан артық бақыт болар ма екен-ау. Рас-өтірігің білмеймін, «талай жерде болып жүрмін ғой, бірақ Қарағандыда тура осындай сауықтыру орны бар десе, ешбір сенбес едім. Күләшті алып тағы келемін, - деп кетіп еді, амал не, тағдыр жазбады.

Ағайдың 80 жасқа толған меройтойына Қарағандыдан шәкірттері ат терлетіп барып арнайы қатыстық. Ұстаз мерейіне масаттандық, мақтадық, мақтандық. Той соңындағы қорытынды сөзінде Күләш апай ағайдың ғылым жолындағы шәкірттеріне Тұрсекеңе деген құрметі мен қошеметі туралы алғысын айта келе:

- Өмірхан, сен ренжіме, бірақ мен ағаларыңның шын берілген шәкірті кім десе, онда мына Жандосты атар едім. Атақты Арыстанбаб әулие ұртында қырық жыл сақтаған құрманы Қожахмет Йассауиге беріпті ғой. Егер ұстаз ретінде Тұрсекеңнің ұртында құрма болса, оған тек Жандос қана лайықты, - деді. Бәрі жабылып мені құттықтай бастады.

Содан бері Ұстаздың ұртындағы қасиетті құрма аманат ретінде маған бұйырған болса, әлі күнге дейін оны кімге тапсырып кетсем екен деген үлкен толғаныста күн кешіп келемін...

Ұстаздардың ұстазы болған абзал аға Тұрсекеңдей кемеңгердің ғылыми мектебінің шәкірті болғанымды, даналық құрмасы менің еншіме тигенін мақтан тұтамын. Мен ғана емес, қаншама «кедейдің баласының» ғылым атты кең сарайдың есігінен именбей аттауына жасаған қомқорлығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес! Рас болса, Құран-Кәрімде «ғалым кісіге, басқаларға ілім үйреткен

адамға жаннаттың есігі әрдайым ашық тұрады» деп жазылған екен. Білайым солай болғай! Менің осыған дән сенгім келеді.

## ФУТУРИЗМНІҢ ӘДЕБИ АҒЫМДЫҚ ТАБИҒАТЫ

*Смағұлов Ж.Қ., ф.ғ.д., профессор,  
Дадиева М.Д., магистрант,  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Әлемге ауқымды өзгерістер мен төңкерістерге, ірі-ірі дүниежүзілік соғыстарға толы ХХ ғасыр келді. Адамзат жаңа белестерге көз салды. Бұл ғасырда ғылым, техника, физика, космосты игеру салалары қарыштап дами бастады. Жер-ана, адамзат қауымы атом қаруының зардабын көрді. ХХ ғасырдағы ірі-ірі өзгерістер әдебиеттен де көрініс тапты. Әдебиетте бір-бірін мойындамайтын әртүрлі әдеби ағымдар мен бағыттар үстемдік ете бастады. Осындай ешкімді мойындамаған, өзіндік жаңа идеяны орнатқысы келген «революциялық» ағым – футуризм еді.

Футуризм – (латынша, futurum – болашақ деген сөзден шыққан) – ХХ ғасырдың басындағы Европалық елдердің негізгі авангардистік ағымдарының бірі саналады, әсіресе, Италия және Ресейде кеңінен тарады. Ең әуелі кеңістік (бейнелеу) өнерінде өріс алған футуризм идеясы кейіннен әдебиет, театр, музыка, киномотография және өнертану мен әдебиеттану ілімдерінде жалғасын тапты. Атының өзі айтып тұрғандай өткен мен осы шақты жоққа шығарып, тек қана болашақты дәріптеу болып саналатын бұл ағым 1909 жылы 20 ақпанда «Фигаро» газетінде жарық көрген италияндық жас ақын Филиппо Томазо Маринеттінің «Футуризмнің бірінші манифесі» атты мақаласынан бастау алады. Ф.Т.Маринеттиден басқа футуризмнің негізін қалауға ат салысқан Д.Балла, У.Боччони, Л.Руссоло, Карло Карра, Джино Северинилар болды. «Біздің ішімізде ең кәрісі отыз жаста, келе жатқан жас буын 10 жылдан кейін бізді қоқыс жәшігіне лақтырмай тұрғанда, өзіміздің алға қойған мақсатымызды орындауымыз керек», - деген Маринетти «Футуризм манифесінде»: «... Да здравствует риск, скорость, дерзость и неукротимая энергия! Смелость, отвага и бунт – вот что воспеваем мы в своих стихах... Мы вдребезги разнесем все музеи, библиотеки...», - деп өмірге жаңа бір ағымның келгенін әлемге паш ете отырып, оның бағыт-бағдарын белгілеп берді [3,160].

«Футуризм манифесінен» бастап-ақ Италияндық футуристер дәстүрлі мәдениеттен толық қол үзуді көздеді, оның есесіне қарыштап дамушы қазіргі бір өңкей урбанистік өркениеттің эстетикасын орнықтыруға, оқиға мен адамдардың көңіл-күйі сәт сайын алмасып тұратын техницизмге шалдыққан «интенсивті өмірдің» күре тамырының каотикалық ағысын өз санасында жаңғыртқан «өзгеше жанр» сезім күйлерін беруге тырысты. Міне, осыдан келіп тілдік бейнелеудің жаңа үлгілерін («еркін» сөз тіркестерін, дыбысқа еліктеу) іздестіруге деген қажеттілік туды. Осынан кейін Ф.Маринетти «Футуристік әдебиеттің техникалық манифесі» атты өзінің екінші мақаласын жарыққа шығарды. Онда: «1. Синтаксис надо уничтожить, а существительные ставить как попало, как они приходят на ум. 2. Глагол должен быть неопределенной форме. 3. Надо отменить прилагательное, и тогда голое существительное предстанет во всей своей красе. 4. Надо отменить наречие. 5. У каждого существительного должен быть двойник. 6. Пунктуация больше не нужна, можно употребить математические символы + - × : = > < и нотные знаки. 7. Сплетать образы нужно беспорядочно и вразнобой. 8. Полностью и окончательно освободить литературу от собственного «я» автора, то есть от психологии», - деп жас футуристерді өзіндік «тура жолға» бастайды [2,163-167].

Маринеттінің манифесі «телеграфтық стильмен» жарияланған, тіпті, мұның өзі жаңа бір ағым «минимализмнің» тууына себеп болды. Дәстүрлі грамматикадан бас тартуы, ақынның өзіндік орфографиясын жасауы, жаңа сөз түзуі, жылдамдық, ритм де болуын манифестің негізгі мақсаты болды. Манифестің мазмұны халық арасында қатты толқынысты әкеле отырып, жаңа «жанрдың» тууына жол салды. Шығармашылық өмірге қозғаушы элемент ретінде «жұдырықтауды» алып келді. Енді сахнаға көтерілген ақын халықты барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, күш пен агрессияға, өзін жоғары қою мен әлсізге деген жиіркенішке, төңкеріс пен қатігездікке шақыруды көздеді. Бұл жағынан келетін болсақ, футуризм идеологиясы анархизмге, фашизмге, коммунистерге жақын болды.

Италияндық футуристер эстетикалық агрессиядан және консерваторлық талғамның шектен